

«Заман-Банк» АҚ

Қаржылық есептілік

*2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
тәуелсіз аудиторлардың есебімен бірге*



RPC / ALM
150209

МАЗМҰНЫ**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ**

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Жиынтық кіріс туралы есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	4

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Негізгі қызмет бағыттары	5
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	5
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	5
4. Маңызды бухгалтерлік пайымдаулар мен бағалаулар	18
5. Ақша қаражаты және олардың баламалары	19
6. Кері РЕПО шарттары	19
7. Клиенттерге берілген қарыздар	20
8. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	21
9. Негізгі құралдар	22
10. Материалдық емес активтер	23
11. Қорлар	23
12. Клиенттердің қаражаты	23
13. Салық салу	24
14. Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	25
15. Басқа да активтер мен міндеттемелер	26
16. Капитал	26
17. Шарттық және шартты міндеттемелер	26
18. Комиссиялық ақы мен алымдар күйіндегі таза кірістер	28
19. Келешек ақша ағындарындағы өзгерістер бойынша залалдарға түзетілген клиенттерге берілген қарыздар бойынша кірісті бастапқыда мойындау	28
20. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер	28
21. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар	28
22. Тәуекелдерді басқару	29
23. Өділ құнды анықтау	35
24. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау	37
25. Байланысты тараптармен операциялар	37
26. Капитал жеткіліктігі	39

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Заман-Банк» акционерлік қоғамының Акционері мен Директорлар кеңесіне

Біз қоса беріліп отырған «Заман-Банк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша - «Банк») 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағда бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Басшылықтың қаржылық есептілікке қатысты жауапкершілігі

Банк басшылығы осы қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге, сондай-ақ басшылықтың пікірінше шынайы емес әрекеттердің немесе қате салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қоса берілген қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит қаржылық есептіліктегі сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған процедуралардың орындалуын қамтиды. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ Аудит пайдаланылған есеп саясатының орындылығы мен Банктің басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін бағалауды және тұтас қаржылық есептіліктің берілуін бағалауды қамтиды.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.

Қорытынды

Біздің ойымызша қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «Заман-Банк» акционерлік қоғамының 2014 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP



Евгений Жемалетдинов
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде
берілген.

2015 жылғы 31 наурыз



Аудитордың 2003 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 0000553 біліктілік куәлігі

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2014 жылдың 31 желтоқсанына***(мың теңгемен)*

	Ескер.	2014	2013
Активтер			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5	2.593.226	4.341.095
Кері РЕПО шарттары	6	–	504.498
Клиенттерге берілген қарыздар	7	11.232.037	9.540.652
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	8	47.807	63.766
Негізгі құралдар	9	35.465	45.977
Материалдық емес активтер	10	28.114	28.856
Қорлар	11	190.565	–
Өзге активтер	15	6.434	34.327
Активтер жиыны		14.133.648	14.559.171
Міндеттемелер			
Клиенттердің қаражаты	12	1.954.908	3.403.144
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	13	2.907	19.518
Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	14	468.868	–
Басқа да міндеттемелер	15	47.897	55.830
Міндеттемелер жиыны		2.474.580	3.478.492
Капитал	16		
Жарғылық капитал		10.050.000	10.050.000
Қосымша төленген капитал		122.037	122.037
Бөлінбеген пайда		1.487.031	908.642
Капитал жиыны		11.659.068	11.080.679
Міндеттемелер мен капитал жиыны		14.133.648	14.559.171

Банк Басқармасының атынан шығарылуға қол қойылды және бекітілді

Гупало Елена Анатольевна

Басқарма Төрайымы

Сеитова Римма

Бас бухгалтер

2015 жылғы 31 наурыз

5-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	2014	2013
Пайыздық кірістер			
Клиенттерге берілген қарыздар		1.317.924	1.235.770
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		7.895	8.778
Кері РЕПО шарттары		2.220	23.648
Несие мекемелеріндегі қаражат		212	80
		1.328.251	1.268.276
Пайыздық шығыстар			
Клиенттердің қаражаты		(32.840)	(91.111)
		(32.840)	(91.111)
Таза пайыздық кірістер		1.295.411	1.177.165
Қарыздардың құнсыздану резервін сторнациялау/ (есептеу)	7	21.954	(717.735)
Қарыздардың құнсыздану резервінен кейінгі таза пайыздық кірістер		1.317.365	459.430
Комиссиялық ақы мен алымдар күйіндегі таза кірістер	18	128.332	88.195
Келешек ақша ағындарындағы өзгерістер бойынша залалдарға түзетілген клиенттерге берілген қарыздар бойынша кірісті бастапқыда мойындау	19	-	83.159
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер	20	180.081	42.130
Басқа да кірістер		3.406	904
Пайыздық емес кірістер		311.819	214.388
Қызметкерлер құрамының шығыстары	21	(203.462)	(184.799)
Басқа да операциялық шығыстар	21	(236.075)	(150.936)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар	14	(468.868)	-
Пайыздық емес шығыстар		(908.405)	(335.735)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		720.779	338.083
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	13	(142.390)	(47.949)
Бір жылғы пайда		578.389	290.134
Өзге жиынтық кіріс		-	-
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		578.389	290.134

Банк Басқармасының атынан шығарылуға қол қойылды және бекітілді

Гупало Елена Анатольевна

Басқарма Төрайымы

Сеитова Римма

Бас бухгалтер

2015 жылғы 31 наурыз

5-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал-дың жиыны
2012 жылдың 31 желтоқсанына	9.045.000	223.946	1.340.038	10.608.984
Бір жылғы жиынтық кіріс	-	-	290.134	290.134
Қосымша төленген капиталды азайту <i>(16-ескертуге)</i>	-	(101.909)	-	(101.909)
Жарғылық капиталға аударылған дивидендтер <i>(16-ескертуге)</i>	691.679	-	(691.679)	-
Акционерлерге арналған дивидендтер <i>(16-ескертуге)</i>	-	-	(29.851)	(29.851)
Жарғылық капиталды шығару <i>(16-ескертуге)</i>	313.321	-	-	313.321
2013 жылдың 31 желтоқсанына	10.050.000	122.037	908.642	11.080.679
Бір жылғы жиынтық кіріс	-	-	578.389	578.389
2014 жылдың 31 желтоқсанына	10.050.000	122.037	1.487.031	11.659.068

Банк Басқармасының атынан шығарылуға қол қойылды және бекітілді

Гупало Елена Анатольевна

Басқарма Төрайымы

Сеитова Римма

Бас бухгалтер

2015 жылғы 31 наурыз

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	2014	2013
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Түскен пайыздар		1.182.463	1.176.486
Төленген пайыздар		(29.806)	(163.811)
Комиссиялық ақы және түскен алымдар		141.715	91.506
Комиссиялық ақы және төленген алымдар		(2.855)	(4.241)
Шетел валюталарымен операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып іске асырылған кірістер		22.626	14.110
Басқа да түскен кірістер		3.380	904
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(201.621)	(183.322)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(246.032)	(134.863)
Операциялық активтер мен міндеттемелерге өзгерістер енгізілгенге дейінгі операциялық қызметтен болған ақша ағындары		869.870	796.769
<i>Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаяуы</i>			
Несие мекемелеріндегі қаражат		22	18.739
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		15.959	4.252
Клиенттерге берілген қарыздар		(1.713.732)	(1.403.584)
Өзге активтер		28.316	(5.254)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаяуы)</i>			
Клиенттердің қаражаты		(1.293.815)	(5.299.891)
Басқа да міндеттемелер		30.891	7.237
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды		(2.062.489)	(5.881.732)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(178.632)	(146.554)
Операциялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(2.241.121)	(6.028.286)
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Кері репо келісімдерін өткізуден түскен түсімдер		504.000	3.453.005
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсімдер		4.000	-
Негізгі құралдарды сатып алу	9	(5.636)	(38.202)
Материалдық емес активтерді сатып алу	10	(9.112)	(4.000)
Инвестициялық қызметтен болған ақша қаражатының таза түсімі		493.252	3.410.803
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдары			
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер	16	-	313.321
Банк акционерлеріне төленген дивидендтер	16	-	(29.851)
Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		-	283.470
Ақша қаражатындағы және олардың баламаларындағы таза өзгеру		(1.747.869)	(2.334.013)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары	5	4.341.095	6.675.108
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен олардың баламалары	5	2.593.226	4.341.095

Банк Басқармасының атынан шығарылуға қол қойылды және бекітілді

Гупало Елена Анатольевна

Басқарма Төрайымы

Сеитова Римма

Бас бухгалтер

2015 жылғы 31 наурыз

5-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

1. Негізгі қызмет бағыттары

«Заман-Банк» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Банк») Қазақстан Республикасындағы өз қызметін 1991 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Банк халықтың салымдарын қабылдап, несиелер береді және Қазақстан бойынша, сол сияқты одан тыс жерлерге ақша қаражатын аударарды, валюталарды айырбастау операцияларын жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») 2007 жылғы 24 желтоқсанда берген лицензияның негізінде заңды және жеке тұлғаларға басқа да банк қызметтерін көрсетеді. Банк қызметін ҚРҰБ реттейді.

Банк салымдарды сақтандыру жүйесінің мүшесі болып табылады. Бұл жүйе қазақстандық заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің негізінде қызмет етеді, ал оның басқарылуын Қазақстандық кепілдікпен сақтандыру қоры жүзеге асырады. Сақтандыру Банк өз міндеттемелерін орындай алмаған және/немесе лицензия қайтарылып алынған жағдайда, әрбір жеке тұлға үшін 5.000 мың теңгеге дейінгі сомаға жеке тұлғалардың салымдары бойынша Банк міндеттемелерін қамтамасыз етеді.

Банктің басты кеңсежайының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 141206, Екібастұз қ., Машхұр Жүсіп көшесі, 111А.

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банк акционерлері келесі заңды және жеке тұлғалар болды:

Акционер	2014 (%)	2013 (%)
Абғужинов А.Т.	61,9	61,9
Абғужинов Т.С.	29,0	26,8
Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Исламдық Корпорация	5,0	5,0
Басқа да акционерлер (жеке 3% кем иелік ететіндер)	4,1	6,3
Жиыны	100,0	100,0

2014 жылғы 31 желтоқсанда Директорлар кеңесі мүшелерінің және Басқарма мүшелерінің бақылауында Банктің 2.991.021 акциясы немесе 30% (2013 жылы: 2.736.805 акция, немесе 26,8%) болды.

2013 жылғы 23 мамырда Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Исламдық Корпорация («ИДК») Банкті оның қол қойылған және төленген капиталының 35% дейінгі мөлшердегі күтілетін салымдармен Ислам Банкіне айналдыру ниеті туралы жария етті. Тиісінше, Банк Қазақстан Республикасында Ислам Банкіне айналуы жоспарлап отыр.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Жалпы ақпарат

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткенді қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілік акция сомаларын қоспағанда және егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «теңге») көрсетілген.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Банк 2014 жылғы 1 қаңтарда басталған жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енген келесі қайта қаралған ХҚЕС пен түсіндірулерді қолданды:

«Инвестициялық компаниялар» 10 ХҚЕС-ке (IFRS), 12 ХҚЕС-ке (IFRS) және 27 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулерде 10 ХҚЕС-ке (IFRS) сай инвестициялық компанияның анықтамасын қанағаттандыратын компаниялар үшін шоғырландыруға қатысты талаптардан алып тастау көзделген. Шоғырландыруға қатысты талаптан ерекшелікке сай инвестициялық компаниялар еншілес компанияларды пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескеруі тиіс. Түзетулер Банкке әсерін тигізбеді, өйткені Банк 10 ХҚЕС-ке (IFRS) сай инвестициялық компанияның анықтамасын қанағаттандырмайды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

32 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу»

Мұндай түзетулердің шеңберінде «қазіргі сәтте өзара есепке алуды жүзеге асыруға арналған заңмен бекітілген құқыққа ие болады» деген сөйлемнің мағынасын, сондай-ақ шеңберінде бір мезгілді емес жалпы төлемдер пайдаланылатын есептеу жүйелеріне қатысты өзара есепке алу критерийлері түсіндіріледі. Түзетулер Банкке әсерін тигізбеді.

21 ХҚЕС (IFRIC) «Міндетті төлемдер» түсіндірмесі

Түсіндірмеде компанияның заңнамаға сай төлем жасау қажеттілігін тудыратын қызмет орын алғанда салықтарға, алымдарға және өзге де міндетті төлемдерге қатысты міндеттемені мойындауы тиіс екендігі көрсетіледі. Ең аз шекті мәнге қол жеткізілген жағдайда оны төлеу талап етілетін міндетті төлем жағдайында Түсіндірмеде міндеттеме ең аз шекті мәнге қол жеткізілгенге дейін мойындалмайтындығы көрсетілген. 21 ХҚЕС (IFRIC) түсіндірмесі Банктің қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Банк алдыңғы жылдары 21 ХҚЕС (IFRIC) түсіндірмелерінің талаптарына сәйкес келетін 37 ХҚЕС-те (IAS) «*Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер*» белгіленген мойындау қағидаттарын ұстанды.

39 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Туынды құралдардың новациясы және хеджирлеуді есепке алуды жалғастыру»

Хеджирлеу құралы ретінде жіктелген туынды құрал новациясы белгілі бір критерийлерді қанағаттандырған жағдайда түзетулер хеджирлеуді есепке алуды тоқтату қажеттілігінен босатады. Түзетулер Банкке әсерін тигізбеді, өйткені ағымдағы есепті кезеңде Банк туынды қаржы құралдарын жанартқан жоқ.

Қаржылық емес активтердің өтелетін құны туралы ақпаратты ашып көрсету – 36 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Бұл түзетулер 36 ХҚЕС-ке (IAS) «*Активтердің құнсыздануы*» сай талап етілетін ақпаратты ашып көрсету бөлігінде 13 ХҚЕС (IFRS) «*Әділ құны бойынша бағалау*» көзделмеген салдарды жояды. Осыдан басқа, түзетулер солар бойынша құнсыздану танылған немесе кезең ішінде құнсызданудан болған зиян қалпына келтірілген активтердің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшелердің өтелетін құны туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін талап етеді. Түзетулер Банктің қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпалын тигізбеді.

Әділ құнды бағалау

Банк мұндай қаржы құралдарын, сауда және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар, туынды құралдар ретінде және инвестициялық жылжымайтын мүлік сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат *23-ескертеде* ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- немесе негізгі нарықта жоқтығының талаптарында, бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта жасалатындығын болжайды.

Банктің негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Банк қалыптасқан жағдайда қолайлы болатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болатын деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте орынды байқалатын бастапқы деректерді барынша және байқалмайтын бастапқы деректерді мейлінше пайдаланады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей – Ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта байқалатын болып табылмайтын бағалау үлгілері.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде мойындалатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Банк әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды.

Қаржы активтері

Бастапқы тану

39 ХҚЕС (IAS) ережелеріне сәйкес қаржы активтері пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері; несиелер және дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктеледі. Есепке алуда қаржы активтерін бастапқы бейнелеу кезінде Банк оларға тиісті санат береді және одан кейін төменде сипатталған белгілі бір жағдайларда қаржы активтерін қайта жіктей алады.

Мойындау күні

Қаржы активтерін сатып алу және сату бойынша барлық стандарт операциялар операция мерзімінде, яғни Банк өзіне активті сатып алу бойынша міндеттеме алатын мерзімде бейнеленеді. Сатып алу немесе сату бойынша стандартты операцияларға қаржы активтерін сатып алу немесе сату операциялары жатады, әрі солардың шеңберінде активтерді заңнамада белгіленген немесе нарықта қабылданған мерзімде жеткізу талап етіледі.

Несиелер мен дебиторлық берешек

Несиелер мен дебиторлық берешек – белсенді нарықта айналысқа түспейтін тіркелген немесе анықталатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтері. Олар дереу сатуға немесе жақын арада сатуға арналмаған және сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар немесе саудалық бағалы қағаздар ретінде жіктелмеген. Мұндай активтер пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып амортизациялық құн бойынша көрсетіледі. Мұндай активтер бойынша кірістер мен шығыстар мұндай активтер есептен шығарылған немесе құнсызданған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Қаржы активтерін қайта жіктеу

Егер саудаға арналған деп жіктелген туынды емес қаржы активіне қатысты жақын арада сату ниеті болмаса, ол мынадай жағдайларда пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерінің санатынан қайта жіктелуі мүмкін:

- жоғарыда көрсетілген несиелер мен дебиторлық берешек анықтамасына жауап беретін қаржы активі Банктің осы активті көз жетерлік болашақта немесе өтеуге дейін ұстау ниеті және мүмкіндігі болса, несиелер мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктелуі мүмкін;
- өзге қаржы активтері сату үшін қолда бар немесе өтеуге дейін ұсталатын активтер санатына өте сирек жағдайларда қайта жіктелуі мүмкін.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтерін қайта жіктеу (жалғасы)

Несиелер мен дебиторлық берешектің анықтамасына сәйкес келетін болса, сату үшін қолда бар актив ретінде жіктелген қаржы активі Банктің осы активті көз жетерлік болашақта немесе өтеуге дейін ұстау ниеті және мүмкіндігі болса, несиелер мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктелуі мүмкін.

Қаржы активтері қайта жіктеу күніне әділ құны бойынша қайта жіктеледі. Пайдада мен залалдарда бұрын мойындалған кірістер мен шығыстар қайтарылмайды. Қайта жіктеу мерзіміндегі қаржылық активтің әділ құны оның жаңа бастапқы немесе амортизацияланған құнына айналады.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген қолма-қол қаражат және пайда болған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар ҚРҰБ-дағы және басқа да банктердегі қаражат жатады.

«Репо» және кері «репо» шарттары және бағалы қағаздармен жасалатын қарыз операциялары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары («репо» шарттары) есептілікте қаржыландырудың құнсызданған операциялары ретінде көрсетіледі. «Репо» шарттары бойынша іске асырылған бағалы қағаздардың қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленуі жалғастырылады және қарсы агенттің келісімшарт немесе жалпылама қабылданған тәжірибе талаптарынан шығатын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқығы болған жағдайда, «репо» шарттары бойынша кепілзат есебінде берілген бағалы қағаздардың санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер несиелік ұйымдар немесе клиенттер қаражатының құрамына енгізіледі. Кері сату (кері «репо») шарттары бойынша бағалы қағаздар сатып алу жағдаятқа қарай несиелік ұйымдар немесе клиенттерге берілетін несиелер қаражатының құрамында бейнеленеді. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырма пайыздар ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «репо» шарттары қолданысы мерзімі ішінде есептеледі.

Қарсы агенттерге қарыз шарттарында берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетуін жалғастырады. Қарыз шарттарында тартылған бағалы қағаздар олар үшінші тұлғаларға сатылған кезде ғана қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Мұндай жағдайда сатып алу-сату мәмілесі саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып кірістер құрамында пайда мен зияндар туралы есепте ескеріледі. Осындай бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме сауда операциялары жөніндегі міндеттемелердің құрамында әділ құн бойынша көрсетіледі.

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдастары міндеттемелер ретінде жіктеледі, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Банктің ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін жеткізу не болмаса меншікті үлес құралдарының тіркелген санына ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасына айырбас арқылы міндеттемені өзге тәсілмен орындауға міндеттемесі болса. Мұндай құралдарға несиелік ұйымдардағы қаражат, клиенттердің қаражаты, субординацияланған борыш кіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда мен зиян құрамында бейнеленеді.

Жалдау

Қаржылық жалдау – Банк жалға беруші ретінде

Банк жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекті жалдау мерзімінің басталу күнінен бастап жалға жасалған таза инвестицияларға тең болатын сомада көрсетеді. Қаржылық кіріс таза өтелмеген инвестицияға пайданың тұрақты кезеңді нормасын көрсететін үлгіге негізделеді. Бастапқыда тікелей шығыстар лизинг бойынша дебиторлық берешекті бастапқы бағалауға қосылады.

Операциялық жалдау – Банк жалдаушы ретінде

Мүлікті жалдау операциялық жал ретінде жіктеледі, әрі мұндайда жалға беруші жалдау нысанына меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде өзіне сақтап қалады. Операциялық жалдау шарты бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде бірдей шығыстарға жатқызылады және өзге операциялық шығыстар құрамында ескеріледі.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Банк қаржы активі құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі активті бастапқы танудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған және шығын орын алған жағдай (немесе жағдайлар) сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі мен қаржы активтерінің тобынан күтілетін болашақ ақша қаражаты ағымдарына әсер еткен жағдайда ғана құнсызданған ретінде шартты түрде белгіленеді. Құнсыздану белгілеріне қарыз алушының айтарлықтай қаржылық қиындықтарының болуы, пайыздардың немесе негізгі қарыз сомасының төлемдері бойынша міндеттемелерді бұзуы, банкротқа ұшыраудың немесе қаржылық қайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдылығы, сондай-ақ бақыланатын нарықтан алынатын ақпарат негізіндегі дәлел, күтілетін болашақ ақша қаражаты ағымдарының азаюы, мысалы мерзімі өткен төлемдер деңгейіндегі немесе активтер бойынша шығындармен ортақтастырылатын экономикалық жағдайлардағы өзгерістер кіреді.

Несиелік ұйымдардағы қаражат және клиенттерге берілген несиелер

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын басқа банктердегі қаражат пен клиенттерге берілетін несиелерге қатысты Банктің ең бірінші дербес негізде жеке маңызды қаржы активтері үшін немесе жеке маңызды болып табылмайтын қаржы активтері үшін тұтас құнсызданудың объективті белгілері болуын бағалайды.

Егер Банк жеке негізде бағаланған қаржы активі бойынша оның маңызды болып табылатындығына қарамастан құнсызданудың объективті белгілері жоқ деп шешсе, Банк бұл активті несиелік тәуекелдің осыған ұқсас сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады. Соған қатысты құнсыздану шығындары мойындалатын дербес негізде құнсыздану мәніне бағаланатын активтер жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағаланбауы тиіс.

Құнсызданудан шығынға ұшыраудың объективті дәлелдері болған жағдайда, шығын сомасы активтердің баланстық құны мен ақшалай қаражаттың болашақ бағалау ағымдарының келтірілген құнының (әлі ұшырамаған несиелер бойынша болашақ күтілетін шығындарды ескермейтін) арасындағы айырманы білдіреді. Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы пайда немесе зиян құрамында танылады. Пайыздық кірістер актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде төмендетілген баланстық құн бойынша есептелуін жалғастырады. Өтеудің нақты перспективалары болмаған және барлық қамтамасыз ету іске асырылған немесе Банкке берілген жағдайда, несиелер мен тиісті резерв есептен шығарылады. Егер келесі жылы құнсыздану шығындарын бағалау сомасы құнсыздану шығындары танылғаннан кейін болған оқиғаларға байланысты көбейсе немесе азайса, бұрын танылған құнсыздану шығындарының сомасы резерв шотын түзету арқылы көбейтіледі немесе азайтылады. Егер есептен шығару кейіннен қалпына келтірілетін болса, онда қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Болашақ күтілетін ақша ағымдарының келтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер несие ауыспалы пайыздық мөлшерлеме бойынша берілген болса, онда құнсыздану шығындарын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлеме болады. Қамтамасыз ету ретінде берілген қаржылық активтер бойынша болашақ күтілетін ақша ағымдарының келтірілген құнының есебі өндіру мүмкіндігінің болуына қарамастан қамтамасыз етуді алу мен іске асыру шығындары шегерілген өндіріп алу жағдайында алынуы мүмкін ақшалай қаражатты бейнелейді.

Құнсыздану белгілерінің болуын жиынтық бағалау мақсатында қаржы активтері тәуекелдің актив түрі, сала, қамтамасыз ету түрі, төлемдердің уақытылы болуы және басқа да факторлар сияқты сипаттамалары ескеріле отырып топтарға бөлінеді.

Құнсыздануы жиынтық негізде бағаланатын қаржылық активтер тобы бойынша болашақ ақша ағымдары активтер бойынша шығындарға, топ активтерінің сипаттамасына ұқсас несиелік тәуекелдердің сипаттамасына қатысты тарихи ақпарат негізінде анықталады. Шығындар бойынша тарихи ақпарат шығындар бойынша тарихи ақпарат бар жылдарға әсерін тигізбеген қолданыстағы талаптардың әсерін бейнелеу және осы сәтте жоқ тарихи кезең үшін талаптардың әсерін жоққа шығару мақсатында бақыланатын нарықтағы ағымдық ақпарат негізінде түзетіледі. Болашақ ақша ағымдарының өзгерістерін бағалау әрбір жыл үшін бақыланатын нарықтағы тиісті ақпараттың өзгерістерін бейнелейді және сәйкес келеді (мысалы, жұмыссыздық деңгейіндегі, жылжымайтын мүлік бағаларындағы, тауар бағаларындағы, төлем мәртебесіндегі немесе топ шеккен залалдар мен мөлшерінің дәлелі болатын басқа факторлардағы өзгерістер). Келешек ақша ағымдарын бағалау үшін пайдаланылатын әдістеме мен жорамалдар шығындарды бағалау мен нақты нәтижелер арасындағы алшақтықты қысқарту үшін үнемі қайта қаралып отырады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активінің құнсыздануы (жалғасы)

Қарыздарды қайта құрылымдау

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Банк несиелер бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемнің шарттық мерзімдерін ұзартып, несие берудің жаңа талаптарын келіседі.

Мұндай қайта құрылымдаудың есебі келесі тәсілмен жасалады:

- Егер несиенің валютасы өзгерсе, алдыңғы несиенің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа несие қаржылық жағдай туралы есепте мойындалады;
- Егер қайта құрылымдау қарыз алушының қаржылық қиындықтарымен негізделмесе, Банк төменде сипатталған қаржылық міндеттемелердің мойындалуын тоқтату үшін қолданылатын әдіске ұқсас әдісті қолданады;
- Егер қайта құрылымдау қарыз алушының қаржылық қиындықтарымен негізделсе және несие қайта құрылымдаудан кейін құнсызданған болып есептелсе, Банк жаңа талаптарға сәйкес бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған келешек ақша ағындарының келтірілген құны мен қайта құрылымдауға дейінгі ағымдағы құн арасындағы айырманы есепті кезеңде құнсыздану шығыстарының құрамында мойындайды. Егер несие қайта құрылымдаудың нәтижесінде құнсызданбаған болса, Банк тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептейді.

Несие, егер ол бойынша талаптар қайта қаралса, мерзімі өткен болып табылмайды. Банк басшылығы болашақ төлемдерді жасаудың барлық критерийлерін және олардың мүмкіндіктерін сақтауында көз жеткізу үшін қайта құрылымдалған несиелерді үнемі қайта қарап отырады. Мұндай несиелер жеке немесе жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағалануын жалғастырады немесе олардың өтелетін құны несие бойынша бастапқы немесе ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активінің (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) мына жағдайларда танылуы тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Банк активтен келетін ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағындарын толығымен елеулі кешіктірусіз «транзиттік» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ;
- Банк (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Егер Банк активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Банктің бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке қатысуды жалғастыру Банкке төлемге берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

Егер одан әрі жалғасатын активке қатысу берілетін активке сатылған және/немесе сатып алынған опцион (есебі нетто-негіздегі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) нысанын қабылдаса, Банктің одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері – әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша сатуға арналған опцион (опцион «пут») (есебі нетто-негіздегі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) сатылған жағдайды қоспағанда, Банк өтемін төлеп ала алатын берілетін актив құны. Бұл жағдайда Банктің одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері екі көлемнің: берілетін активтің әділ құны мен опционның орындалу бағасының ең азы ретінде анықталады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттеме тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда есептен алынады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуда бейнеленеді.

Қаржылық кепілдік шарттары

Әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Банк кепілдемелер нысанында қаржылық кепілдемелер береді. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда алынған комиссия мөлшерінде «Басқа да міндеттемелер» бабы бойынша әділ құны бойынша қаржылық есептілікте танылады.

Бастапқы танудан кейін Банк міндеттемесі әрбір кепілдеме шарты бойынша екі көлемнің: амортизациялық комиссия сомасы немесе кепілдік бойынша туындайтын қаржылық міндеттемені реттеу үшін қажетті шығындардың ең жақсы бағасы.

Қаржылық кепілдеме шарттарына байланысты міндеттеменің көбеюі жиынтық кіріс туралы есепте ескеріледі. Алынған комиссия кепілдік шартының қолданылу мерзімі ішінде тең негізде жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Салық салу

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытша айырмашылықтарына қатысты есептеледі. Мерзімі ұзартылған табыс салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша қаржылық есептілік мақсаттары үшін көрсетіледі.

Мерзімі ұзартылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер активті өткізу немесе күшіне енген немесе есепті күнге нақты күшіне енген заңнамаға сүйене отырып міндеттемені реттеу кезеңінің ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Уақытша айырманы қайтару уақытын бақылауға болатын және уақытша айырма таяу арада қайтарылады деген ықтималдық болған жағдайларды қоспағанда, мерзімі ұзартылған табыс салығы еншілес және қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға инвестициялармен байланысты уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында Банктің қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Осы салықтар корпоративтік табыс салығынан басқа жиынтық кіріс туралы есепте салықтар құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығасылары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнының құнсыздануы бағаланады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Активтің амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация келесі есептік мөлшерлемелердің негізінде желілік тәсілмен есептеледі:

	<u>Амортизация мөлшерлемелері</u>
Компьютерлер және офистік жабдықтар	20-50%
Көлік құралдары	15-20%
Жиһаз	15-20%
Жер	0%

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есептік жыл соңында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеу және қайта салу шығыстары олардың туындауына қарай шығыстарға жатқызылады және капиталдандырылуы тиіс жағдайларды қоспағанда, өзге операциялық шығыстар құрамына енгізіледі.

Гудвилден басқа материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бизнесі біріктіру операциясының шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің нақты құны сатып алу күніне олардың әділ құнын білдіреді. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет етуінің шектелген немесе белгіленбеген мерзімі бар. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер 1-ден 7-ға дейінгі жылды құрайтын пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизациясы кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есептік жылдың соңында қайта қаралады.

Резервтер

Егер Банктің өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе ерікті түрде қабылдаған міндеттемелері болса, резервтер танылады.

Қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру және басқа да жеңілдіктер бойынша міндеттемелер

Банктің қызметкерлерге ағымдағы жалпы төлемдерден пайыз ретіндегі жұмыс берушінің ағымдық жарналарының есебі көзделетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа зейнетақылық қамсыздандырудың қосымша схемалары жоқ. Мұндай шығыстар тиісті жалақы қатысты болатын есептік кезеңде көрсетіледі. Мұнымен қатар еңбек қызметі тоқтатылған соң Банктің қызметкерлер үшін айтарлықтай жеңілдіктері жоқ.

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар және өтелуге жатпайтын кумулятивті емес, артықшылықты акциялар капитал құрамында көрсетіледі. Бизнесі біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметіне ақы төлеу шығыстары осы эмиссиялар нәтижесінде алынған соманың кемітілуі ретінде капитал құрамында бейнеленеді. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы қосымша капитал ретінде бейнеленеді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жарғылық капитал (жалғасы)

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Банк экономикалық пайда алады деген жоғары ықтималдылық болса, және егер түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары мен саудаға деп жіктелген пайыздық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар дисконттау кезіндегі тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарақ мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен түсімдері дәлдікпен қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнында келтіріледі. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ несиелер бойынша келешек шығындар ескерілмейді. Банк төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгерісі пайыздық кірістер мен шығыстар ретінде бейнеленеді.

Қаржылық есептілікте бейнеленген қаржы активінің немесе ұқсас қаржы активтер тобының құны құнсыздану салдарынан төмендеген жағдайда, пайыздық кірістердің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша жаңа баланстық құн негізінде танылуы жалғаса береді.

Комиссиялық кірістер

Банк клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер мынадай екі санатқа бөлінуі мүмкін:

- *Белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер*

Белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер сол кезеңнің ішінде есептеледі. Мұндай баптарға комиссиялық кірістер және кепілдіктер мен аккредитивтердің берілгені үшін сыйақы кіреді. Несиені пайдалану ықтималдылығы үлкен болса, несие беру бойынша міндеттемелер үшін комиссиялар және несие беруге байланысты өзге комиссиялар алдағы кезеңдерге жатқызылып (несиелер беруге тікелей байланысты шығасылармен қатар), несие бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің түзетуі ретінде танылады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

Комиссиялық кірістер (жалғасы)

- *Операциялар жасау бойынша қызметтер көрсетудің комиссиялық кірістері*

Есеп айырысу операцияларын, қолма-қол ақшамен операцияларды және басқа да қызметтерді жүзеге асырғаны үшін алынған комиссиялық ақы мұндай операция аяқталғаннан кейін танылады. Кірістіліктің белгілі бір көрсеткіштеріне байланысты комиссия немесе комиссияның бір бөлігі тиісті белгілер орындалған соң танылады.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Банктің функционалдық валютасы мен есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен берілді. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін ҚҚБ белгілеген және ҚРҰБ жариялаған айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте «Шетел валюталарындағы операциялар бойынша таза кірістер – валюталық баптарды қайта бағалау» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі ҚҚБ ресми бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістердің құрамына енгізіледі. 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанында KASE ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 182,35 теңгені және тиісінше 154,06 теңгені құрады.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер

Төменде Банктің қаржылық есептілігін жариялау күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар ұсынылады. Банк осы стандарттарды олар күшіне енгеннен кейін қолдануды жоспарлап отыр.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын жариялады, оған қаржы құралдары бойынша жобаның барлық сатылары кіріп, 39 ХҚЕС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау», сондай-ақ 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы нұсқаларын ауыстырады. Стандарт жіктеу мен бағалауға, құнсыздануға және хеджирлеуді есепке алуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді. 9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Ретроспективті қолдану талап етіледі, бірақ салыстырмалы ақпаратты ұсыну міндетті емес. Егер бастапқы тану күні – 2015 жылғы 1 ақпан немесе одан ерте болса, 9 ХҚЕС-тің (IFRS) алдыңғы нұсқаларының мерзімінен бұрын қолданылуына жол беріледі. 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану Банктің қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға әсерін тигізеді, бірақ оның қаржылық міндеттемелерінің жіктелуіне және бағалауына әсерін тигізбейді.

15 ХҚЕС (IFRS) «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім»

2014 жылғы мамырда жарияланған 15 ХҚЕС (IFRS) клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімге қатысты қолданылатын жаңа бес деңгейлі модельді белгілейді. Жалдау шарттары, сақтандыру шарттары бойынша, сондай-ақ қаржы құралдарына және 17 ХҚЕС (IAS) «Жалдау», 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» және 39 ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» (немесе, 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» мерзімінен бұрын қолданылған жағдайда) қолданылу аяларына қатысты басқа да келісімшарттық құқықтар мен міндеттемелерге қатысты туындайтын түсім тиісінше 15 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына кірмейді және тиісті стандарттармен реттеледі.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

15 ХҚЕС (IFRS) «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім» (жалғасы)

15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім компания клиентке тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетуіне айырбас ретінде аламын деп отырған сыйақыны көрсететін сома бойынша танылады. 15 ХҚЕС (IFRS) қағидаттары түсімді бағалауға және тануға қатысты барынша құрылымдалған тәсілді көрсетеді.

Жаңа стандарт барлық компанияларға қолданылады және түсімді мойындау бойынша ХҚЕС-тің барлық ағымдағы талаптарын ауыстырады. Толық немесе түрлендірілген ретроспективті қолдану 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін талап етіледі. Қазіргі сәтте Банк 15 ХҚЕС-тің (IFRS) әсерін бағалап, оны күшіне ену күніне қолдануды жоспарлап отыр.

14 ХҚЕС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоттары»

14 ХҚЕС (IFRS) қолдануға міндетті емес стандарт болып табылады, әрі ол қызметі тарифтік реттеуге жататын компанияға ХҚЕС-ті алғаш рет қолданған кезде кейінге қалдырылған тарифтік түзетулердің шоттары үшін ағымдағы есеп саясаттарының көпшілігін қолдануды жалғастыруға мүмкіндік береді. 14 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданатын компаниялар кейінге қалдырылған тарифтік түзетулердің шоттары бойынша қалдықтар мен қозғалысты қаржылық жағдай туралы есепте және пайда мен зияндар туралы және тиісінше басқа да жиынтық кіріс туралы есепте бөлек жолдармен көрсетуге міндетті.

Стандарт компанияның тарифтік реттеу мәнін және онымен қоса жүретін тәуекелдерді, сондай-ақ тарифтік реттеудің оның қаржылық есептілік әсерлерін ашып көрсетуді талап етеді. 14 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Банк есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес жасайтындықтан, бұл стандарт оған қолданылмайды.

19 ХҚЕС-ке (IAS) Белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары: Жұмыскерлердің жарналары

19 ХҚЕС (IAS) компаниядан белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламаларын есепке алу үшін жұмыскерлердің немесе үшінші тұлғалардың тарапынан жарналарды ескеруін талап етеді. Егер жарналар көрсетілетін қызметтерге байланысты болған жағдайда, олар теріс пайда ретінде қызмет ету кезеңдерге жатқызылуы тиіс. Түзетулер, егер жарна сомасы қызмет ету жылдарына байланысты болмаса, компания мұндай жарналарды қызмет ету кезеңдері бойынша бөлудің орнына, мұндай жарналарды осындай қызметтер көрсетілген кезеңде ағымдағы қызметтер құнының азаюы ретінде мойындай алады. Түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл түзетулер Банкке әсерін тигізбейді, өйткені жұмыскерлердің немесе үшінші тұлғалардың тарапынан жарналармен бірге белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары жоқ.

16 ХҚЕС-ке (IAS) және 38 ХҚЕС-ке (IAS) «Рұқсат етілген амортизациялау әдістерін түсіндіру» түзетулер

Түзетулер 16 ХҚЕС (IAS) және 38 ХҚЕС (IAS) қағидаттарының бірін түсіндіреді, атап айтқанда, түсім компания активті пайдаланудан тұтынатын экономикалық пайданы емес, операциялық қызметтен (соның бір бөлігі актив болып табылады) болған экономикалық пайданы болжамды тұтыну құрылымын көрсетеді. Нәтижесінде, түсімге негізделген амортизация әдісі негізгі құралдарды амортизациялау үшін пайдалана алмайды және тек өте шектелген жағдайларда ғана материалдық емес активтерді амортизациялау үшін пайдаланылуы мүмкін. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін перспективті түрде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Банкке қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтілуде, өйткені Банк айналымнан тыс активтерді амортизациялау үшін түсімге негізделген әдістерді қолданбайды.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: циклі 2010-2012 жж.

Мұндай жетілдірулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Бұл түзетулер Банкке айтарлықтай ықпалын тигізбейді деп күтілуде. Оларға келесі өзгерістер кіреді:

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: циклі 2010-2012 жж. (жалғасы)

2 ХҚЕС (IFRS) «Акцияларға негізделген төлем»

Бұл жақсарту перспективті түрде қолданылады және қызмет ету мерзімінің талаптарын және өту шарттары болып табылатын қызмет талаптарын анықтауға қатысты түрлі мәселелерді түсіндіреді, оның ішінде:

- Қызмет ету шарты қызмет ету мерзімінің шартын қамтуы тиіс;
- Қызметтің белгілі бір нәтижелеріне қарсы агенттің қызметтерді көрсетуі уақытында қол жеткізілуі тиіс;
- Қызметтің белгілі бір нәтижелері операцияларға немесе компанияның немесе дәл сол топқа кіретін басқа компаниялардың қызметіне жатуы тиіс;
- Қызмет ету шарты нарықтық болуы мүмкін немесе болмауы да мүмкін;
- Егер қарсы агент, себебіне қарамастан, өту кезеңінде қызмет көрсетуін тоқтатса, қызмет ету шарты орындалмаған болып есептеледі.

13 ХҚЕС (IFRS) Қысқа мерзімді дебиторлық және кредиторлық берешек – 13 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

13 ХҚЕС-ке (IFRS) бұл түзету Тұжырым жасауға арналған негіздерде қысқа мерзімді дебиторлық әрі кредиторлық берешек белгіленген пайыздық мөлшерлемесіз, егер дисконттау әсері елеусіз болса, шоттар сомасында ескерілуі мүмкін екендігін түсіндіреді.

16 ХҚЕС-ке (IAS) «Негізгі құралдар» және 38 ХҚЕС-ке (IAS) «Материалдық емес активтер»

Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылады және актив брутто, сол сияқты нетто-бағалаудың негізінде қадағаланатын деректердің негізінде қайта бағалануы мүмкін екендігіне қатысты 16 ХҚЕС (IAS) және 38 ХҚЕС (IAS) ережелерін түсіндіреді. Сонымен бірге, жинақталған амортизация активтің брутто-бағалануы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде айқындалған.

24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету»

Түзету ретроспективті қолданылады және басқарушы компания (аға басқарушы персонал ретінде қызмет көрсететін компания) байланысты тарап болып табылатындығын және байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсетуге қосылатындығын түсіндіреді. Сонымен бірге, басқарушы компанияны пайдаланатын компания басқару жөніндегі қызметтерге шығындар сомасын ашып көрсетуі тиіс.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: циклі 2011-2013 жж.

Мұндай жетілдірулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Бұл түзетулер Банкке айтарлықтай ықпалын тигізбейді деп күтілуде. Оларға келесі өзгерістер кіреді:

13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

Түзету перспективті түрде қолданылады және қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің тобын (портфельін) ұстайтын және бұл топты бір бүтін ретінде басқаратын компаниялар үшін ерекшелілік тек қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерден ғана тұрмайтын, сол сияқты 9 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына келетін (немесе, егер қолданылатын болса, 39 ХҚЕС (IAS)) басқа да келісімшарттардан тұратын портфельдерге қолданылуы мүмкін.

40 ХҚЕС (IAS) Инвестициялық мүлік

30 ХҚЕС-те (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы инвестициялық мүліктің және меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүліктің (яғни негізгі құралдар) ара жігін ажыратады. Түзету перспективті түрде қолданылады және 3 ХҚЕС (IFRS), 40 ХҚЕС-тегі (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы емес, операцияның активті сатып алу немесе бизнесті біріктіруі болып табылатындығының анықтамасы үшін пайдаланылатындығын түсіндіреді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: циклі 2011-2013 жж. (жалғасы)

«Күшіне енген ХҚЕС» анықтамасы – 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

Бұл түзету Тұжырым жасауға арналған негізде компания қолдану үшін ағымдағы не болмаса жаңа, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беретін қолдануға міндетті емес стандартты, стандарттардың кез келгені ХҚЕС –ке сәйкес компанияның бірінші есептілігінде көрсетілген барлық кезеңдерде бірізді етіп қолданылады деген талаппен таңдай алатындығын түсіндіреді. Банк есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес жасайтындықтан, бұл стандарт оған қолданылмайды.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер: циклі 2012-2014 жж.

Мұндай жетілдірулер 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бұл түзетулер Банкке айтарлықтай ықпалын тигізбейді деп күтілуде. Оларға келесі өзгерістер кіреді:

5 ХҚЕС (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» – есептен шығару тәсіліндегі өзгерістер

Активтер (немесе есептен шығарылатын топтар) әдетте сату не болмаса меншік иелеріне бөлу арқылы есептен шығарылады. 5 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету осы әдістердің біреуін басқа әдіске ауыстыру сатудың жаңа жоспары ретінде емес, бастапқы жоспардың жалғасы ретінде есептелуі тиіс екендігін түсіндіреді. Осылайша, 5 ХҚЕС (IFRS) талаптары үздіксіз қолданылады. Сондай-ақ түзету есептен шығару тәсілінің өзгеруі жіктеу күнін өзгертпейтіндігін түсіндіреді. Түзету сату әдістерін өзгертуге қатысты перспективті түрде күшіне енеді, әрі олар 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерде жасалады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» – қызмет көрсету шарттары

7 ХҚЕС (IFRS) компаниядан мойындалуы жалпы тоқтаған, берілген активке кез келген жалғасып отырған қатысу туралы ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. ХҚЕС жөніндегі кеңеске қызмет көрсету шарттары мұндай ақпаратты ашып көрсетуді талап ету мақсаттары үшін жалғасып отырған қатысу болып табыла ма, деген сауал қойылды. Түзету комиссиялық сыйақыны көздейтін қызмет көрсету шарты қаржы активіне жалғасып отырған қатысуды білдіре алатындығын түсіндіреді. Компания ақпараттың ашылып көрсетілуі қажет болып табылатындығын бағалау үшін 7 ХҚЕС-тің (IFRS) B30 және 42С тармақтарында көрсетілген жалғасатын қатысуға қатысты нұсқаулыққа сәйкес мұндай келісім мен комиссиялық сыйақының сипатын бағалауы тиіс. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзету жалғасып отырған қатысу мәніне қызмет көрсету шарттарының шеңберіндегі қарым-қатынастарды бағалау ретроспективті жасалатындай етіп қолданылуы тиіс. Дегенмен, компания түзетулерді алғаш рет қолданған кезеңнің алдындағы кез келген кезең үшін қажетті ақпаратты ашып көрсетуге міндетті емес.

7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» – аралық қаржылық есептілікте өзара есепке алу туралы ақпараттың ашылып көрсетілуінің қолданылуы

Басшылық қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу бойынша 2011 жылғы желтоқсанда 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер ретінде енгізілді. 7 ХҚЕС-тің (IFRS) «Күшіне ену күні және есепке алудың жаңа тәртібіне өту» бөлімінде «Ұйым бұл түзетулерді 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін және мұндай жылдық кезеңдер шеңберінде аралық кезеңдер үшін қолдануы тиіс». Дегенмен, аралық кезеңдер үшін ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын талаптарды қамтитын стандарт, 34 ХҚЕС (IAS), мұндай талапты қамтымайды. Анық емес немесе тиісті ақпарат қысқартылған аралық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс.

Түзету ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі қысқартылған аралық есептілікте қажет еместігін түсіндіре отырып «және мұндай жылдық кезеңдердің шеңберінде аралық кезеңдер үшін» деген сөйлемді алып тастайды. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жақсартулар: циклі 2012-2014 жж. (жалғасы)

19 ХБЕС (IAS) «Қызметкерлерге сыйақылар» – өңірлік нарық үшін дисконттау мөлшерлемесін айқындау проблемасы

19 ХҚЕС-ке (IAS) жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығының даму дәрежесін бағалау мұндай міндеттеме жататын елге емес, міндеттеме білдірілген валютаға негізделетіндігін түсіндіреді. Егер осындай валютада білдірілген жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығы болмаған жағдайда, мемлекеттік облигациялардың кірістілік мөлшерлемесі пайдаланылуы тиіс. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

34 ХҚЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» – ақпаратты аралық қаржылық есептіліктің қандай да бір басқа компонентінде ашып көрсету

Түзету талап етілетін ақпаратты ашып көрсетулер аралық қаржылық есептілікте болуы тиіс не болмаса аралық қаржылық есептілік пен олар жалпы аралық қаржылық есептіліктің шеңберінде нақты көрсетілен құжат арасындағы (мысалы, басшылықтың түсіндірмелері немесе тәуекелдер туралы есепте) қарама-қарсы сілтемелер күйінде қосылуы тиіс екендігін түсіндіреді. ХҚЕС жөніндегі кеңес аралық қаржылық есептілік құрамындағы басқа ақпарат пайдаланушыларға дәл сондай талаптарда және аралық қаржылық есептілікпен бір мезгілде қолжетімді болуы тиіс екендігін көрсетті. Егер пайдаланушылар басқа ақпаратқа қол жеткізе алмаса, аралық қаржылық есептілікті толық емес болып есептеледі. Түзету 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін ретроспективті түрде күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

4. Маңызды бухгалтерлік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаудың белгісіздігі

Банктің есепке алу саясатын қолдану үшін басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған соманы анықтауға қатысты бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

Қаржылық құралдардың әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерден тұратын бағалаудың түрлі модельдерін пайдалана отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін алғашқы деректер, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; басқа жағдайда әділ құнды анықтау үшін пікірді қолдану қажет.

Қарыздардың құнсыздану резерві

Банк несиелер мен дебиторлық берешектің құнсыздануын тұрақты түрде сараптап отырады. Тәжірибеге сүйене отырып, Банк құнсыздану шығындарын қарыз алушы қаржылық қиындықтарды басынан кешіріп отырған және ұқсас қарыз алушылар туралы нақты деректердің жеткілікті көлемі болмаған жағдайларда бағалауда өзінің пікірін пайдаланады. Банк қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу мәртебесіндегі жағымсыз өзгерістерді немесе активтер бойынша міндеттемелерді орындамауға пара-пар мемлекеттік не жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруін көрсететін байқалып отырған деректер негізінде болашақ ақша ағымдарының өзгерісін ұқсас түрде бағалайды. Басшылық несиелер мен дебиторлық берешектің топтары бойынша құнсызданудың объективті белгілері бар және несиелік тәуекелдің ұқсас сипаттамасындағы активтерге қатысты шығындар құрылымы туралы тарихи деректерге негізделген бағалауды пайдаланады. Тәжірибеге сүйене отырып, Банк ағымдағы міндеттемелерді бейнелеу үшін топтың несиелеріне немесе дебиторлық берешегіне қатысты байқалатын деректерді түзету кезінде өзінің субъективті пікірін пайдаланады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Маңызды бухгалтерлік пайымдаулар мен бағалаулар (жалғасы)

Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)

Салық салу

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізгі салық салу мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі қолданылады. Қолданылатын салықтарға ҚҚС, табыс салығы, әлеуметтік және басқа салықтар кіреді. Көп жағдайларда нормативтік актілерді қолдану бойынша атқарушылық өкімдер түсініксіз болып табылады немесе олар тіптен жоқ және үлгі боларлық жағдайлардың шамалысы ған анықталды. Ведомстволар арасында, сондай-ақ бір ведомствоның ішінде ережелердің заңи тұжырымдамасына қатысты түрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл біршама белгісіздік пен кикілжің жағдайлар тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңи реттеудің басқа да салалары (мысалы, кеден және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдарды, өсімпұлды және басқа да сомаларды есептеуге құқылы бірнеше ведомство бақылауында. Мұндай жағдай, мысалы, салықтық заңнама жүйелері анағұрлым дамыған басқа елдерге қарағанда Қазақстанда салықтық тәуекелдер ықтималдылығының үлкен дәрежесін қалыптастырады.

Басшылық Банк өз қызметін оның қызметін реттейтін салық заңнамасына сәйкес қатаң жүзеге асырады деп есептейді. Дегенмен, тиісті органдар даулы салық мәселелеріне қатысты өзге ұстанымды ұстанады деген тәуекел бар.

Шығарылған кепілдіктер бойынша резерв жеткіліктігі

Банк кепілдіктер және соған ұқсас шығарылған баланстан тыс несие құралдары бойынша тәуекелге ұшырағыштығын үнемі тексеріп отырады. Бұл құралдар құнсыздану мәніне тексеріледі және олар бойынша қарыз жағдайындағыдай, резерв құрылады. Банк кепілдік бойынша міндеттемелерді реттеуге қажетті ресурстардың ағып кету ықтималдығының негізінде шығарылған кепілдіктер бойынша резервтерді түзету үшін өзінің алдыңғы тәжірибесін пайдаланады.

5. Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражатына және олардың баламаларына келесі позициялар кіреді:

	2014	2013
Қолма-қол қаражат	97.667	240.744
ҚРҰБ-дегі корреспонденттік шоттар	2.324.648	3.664.912
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар	170.911	435.439
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2.593.226	4.341.095

Қазақстандық заңнамаға сәйкес Банк өзінің белгілі бір міндеттемелерінің пайызы ретінде есептелетін белгілі бір резервтерді қолдауға міндетті. Мұндай резервтер ҚРҰБ-дің ағымдағы шоттарында немесе ҚРҰБ-дің ағымдағы шоттарындағы ақша қаражатының жиынтық сомасының орташа айлық қалдықтары мөлшерінде қолма-қол ақша массасында немесе резервтерді қалыптастыру кезеңінде ұлттық немесе еркін-айырбасталатын валюталарда қолма-қол ақша қаражатында болуы тиіс. 2014 жылдың 31 желтоқсанына міндетті резервтер 20.570 мың теңге (2013 жылдың 31 желтоқсанына: 69.094 мың теңге) болды.

6. Кері РЕПО шарттары

2014 жылғы 31 желтоқсанға Банк 2014 және 2013 жылдардың ішінде жасаған барлық кері репо келісімдерінің мерзімдері өтіп кетті. 2013 жылдың 31 желтоқсанына Банк 2013 жылғы желтоқсанда шығарылған, өтеу мерзімі 14 күн және тиімді пайыздық мөлшерлемесі 5% болатын 504.498 мың теңге баланстық құнымен қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кері репо келісімдерін жасады. 2013 жылғы 31 желтоқсанда инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құны 538.704 мың теңге құрады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

7. Клиенттерге берілген қарыздар

Клиенттерге берілген қарыздарға келесі позициялар кіреді:

	2014	2013
Коммерциялық несиелендіру	11.730.140	10.001.364
Дербес кәсіпкерлер	369.760	559.589
Тұтынушылық несиелендіру	67.533	37.500
Шағын бизнес кәсіпорындарын несиелендіру	63.493	29.564
Ипотекалық қарыздар	45.735	40.874
Клиенттерге берілген несиелердің жиыны	12.276.661	10.668.891
Несие портфелінің құнсыздану резерві	(1.044.624)	(1.128.239)
Клиенттерге берілген қарыздар	11.232.037	9.540.652

Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві

Бұдан әрі кластар бойынша клиенттерге берілген қарыздардың құнсыздану резервін салыстыру берілді:

	2014					
	<i>Коммерци- ялық несиелен- діру</i>	<i>Жеке кәсіпкер- лер</i>	<i>Шағын бизнесті несиелен- діру</i>	<i>Тұтыну- шылық несиелен- діру</i>	<i>Ипоте- калық қарыздар</i>	<i>Жиыны</i>
2014 жылдың 1 қаңтарына	1.099.576	11.697	16.966	-	-	1.128.239
Бір жылға есептеу/(қайтару)	5.320	(11.697)	(15.577)	-	-	(21.954)
Есептен шығару	(61.661)	-	-	-	-	(61.661)
2014 жылдың 31 желтоқсанына	1.043.235	-	1.389	-	-	1.044.624
Жеке негіздегі құнсыздану	1.043.235	-	1.389	-	-	1.044.624
Жеке негізде бағаланған құнсыздану резерві есептен шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде жеке негізге бағаланған несиелер сомасының жиыны	3.999.512	-	28.593	-	-	4.028.105
	2013					
	<i>Коммерци- ялық несиелен- діру</i>	<i>Жеке кәсіпкер- лер</i>	<i>Шағын бизнесті несиелен- діру</i>	<i>Тұтыну- шылық несиелен- діру</i>	<i>Ипоте- калық қарыздар</i>	<i>Жиыны</i>
2013 жылдың 1 қаңтарына	388.371	4.551	16.966	42	574	410.504
Бір жылға есептеу/(қайтару)	711.205	7.146	-	(42)	(574)	717.735
2013 жылдың 31 желтоқсанына	1.099.576	11.697	16.966	-	-	1.128.239
Жеке негіздегі құнсыздану	1.099.576	11.697	16.966	-	-	1.128.239
Жеке негізде бағаланған құнсыздану резерві есептен шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде жеке негізге бағаланған несиелер сомасының жиыны	4.265.550	33.581	16.966	-	-	4.316.097

2014 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін құнсызданған ретінде резервтер танылған қарыздар бойынша есептелген пайыздық кірістер 347.414 мың теңге болды (2013 жылы – 249.136 мың теңге).

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

7. Клиенттерге берілген қарыздар (жалғасы)**Несиелік тәуекелді азайтатын қамтамасыз ету және басқа құралдар**

Банк берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі қарсы агенттің несиелік тәуекелді бағалауына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

Төменде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері көрсетілген:

- Коммерциялық несиелендіру кезінде – жылжымайтын мүлік, тауар материалдық қорлар және басқалар кепілі;
- Жеке тұлғаларды несиелендіру кезінде – тұрғын үй кепілі.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ құнсыздану шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады.

Клиенттерге берілген қарыздардың шоғырлануы

2014 жылдың 31 желтоқсанына Банк ірі он қарыз алушыға берген қарыздардың шоғырлануы 7.453.613 мың теңге болды (жиынтық несиелендіру портфелінің 61%) (2013 жылы: 6.371.554 мың теңге; жиынтық несиелендіру портфелінің 60%). Осы қарыздар бойынша 926.402 мың теңге мөлшерінде резерв құрылды (2013 жылы: 337.227 мың теңге).

Клиенттердің типтері бойынша несиелендіру портфелінің құрылымы былайша көрсетілген:

	2014	2013
Жеке компаниялар	10.738.915	8.904.294
Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер	493.122	636.358
Клиенттерге берілген қарыздар	11.232.037	9.540.652

Несиелер басымдықпен Қазақстанда экономиканың келесі секторларында қызмет атқаратын клиенттерге беріледі:

	2014	2013
Сауда кәсіпорындары	3.806.077	3.855.186
Құрылыс және қызмет көрсету	3.248.559	868.735
Ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнеркәсібі	1.460.350	2.312.247
Қызметтер	871.288	810.020
Машина жасау	846.995	55.573
Металл бұйымдарын өндіру	494.297	307.923
Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер	343.627	626.265
Баспа қызметі	120.242	359.568
Көлік	30.509	–
Көмір өнеркәсібі	–	333.483
Басқасы	10.093	11.652
Клиенттерге берілген қарыздар	11.232.037	9.540.652

8. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек

2014 жылғы 31 желтоқсандағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек талдауы төменде көрсетілген:

	1 жылдан астам емес	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
Қаржылық жалдауға салынған инвестициялардың жалпы сомасы	44.415	9.380	–	53.795
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің еңбек сіңбеген қаржылық кірісі	(2.789)	(3.199)	–	(5.988)
Қаржылық лизингке таза инвестициялар	41.626	6.181	–	47.807
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	41.626	6.181	–	47.807

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

8. Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)

	<i>1 жылдан астам емес</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан астам</i>	<i>Жиыны</i>
2013 жылдың 1 қаңтарына қаржылық жалға жалпы инвестициялар	30.649	40.282	–	70.931
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің еңбек сіңбеген қаржылық кірісі	(2.667)	(4.498)	–	(7.165)
Қаржылық лизингке таза инвестициялар	27.982	35.784	–	63.766
2013 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	27.982	35.784	–	63.766

9. Негізгі құралдар

Негізгі құралдардың қозғалысы келесі тәсілмен көрсетілген:

	<i>Жер</i>	<i>Компьютер- лер және офистік жабдықтар</i>	<i>Көлік құралдары</i>	<i>Жиһаз</i>	<i>Жиыны</i>
Бастапқы құн					
2012 жылдың 31 желтоқсанына	3.975	10.568	–	13.492	28.035
Түсімдер	–	25.820	6.584	5.798	38.202
Шығулар	–	(1.586)	–	(5.243)	(6.829)
2013 жылдың 31 желтоқсанына	3.975	34.802	6.584	14.047	59.408
Түсімдер	–	1.506	–	4.130	5.636
Шығулар	(3.975)	(740)	–	(2.038)	(6.753)
2014 жылдың 31 желтоқсанына	–	35.568	6.584	16.139	58.291
Жинақталған тозу					
2012 жылдың 31 желтоқсанына	–	3.019	–	8.164	11.183
Бір жылға есептеу	–	5.272	768	2.721	8.761
Шығулар	–	(1.343)	–	(5.170)	(6.513)
2013 жылдың 31 желтоқсанына	–	6.948	768	5.715	13.431
Бір жылға есептеу	–	7.731	1.317	3.079	12.127
Шығулар	–	(711)	–	(2.021)	(2.732)
2014 жылдың 31 желтоқсанына	–	13.968	2.085	6.773	22.826
Қалдық құны					
2012 жылдың 31 желтоқсанына	3.975	7.549	–	5.328	16.852
2013 жылдың 31 желтоқсанына	3.975	27.854	5.816	8.332	45.977
2014 жылдың 31 желтоқсанына	–	21.600	4.499	9.366	35.465

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

10. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердегі өзгерістерге мыналар кіреді:

	Бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар
Бастапқы құн	
2012 жылдың 31 желтоқсанына	44.516
Түсімдер	4.000
Шығулар	(2.205)
2013 жылдың 31 желтоқсанына	46.311
Түсімдер	9.112
Шығулар	(323)
2014 жылдың 31 желтоқсанына	55.100
Жинақталған амортизация	
2012 жылдың 31 желтоқсанына	10.954
Бір жылға есептеу	8.706
Шығулар	(2.205)
2013 жылдың 31 желтоқсанына	17.455
Бір жылға есептеу	9.854
Шығулар	(323)
2014 жылдың 31 желтоқсанына	26.986
Қалдық құны	
2012 жылдың 31 желтоқсанына	33.562
2013 жылдың 31 желтоқсанына	28.856
2014 жылдың 31 желтоқсанына	28.114

11. Қорлар

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қорларға қарыздарды өтеу бойынша Банктің алдында өз міндеттемелерін орындамаған қарыз алушыдан Банк өндіріп алған жылжымайтын мүлік кіреді. 2014 жылдың ішінде Банк 190.565 мың теңге сомасында қарыз алушыдан жылжымайтын мүлікті өндіріп алды. Банк келешекте өндіріліп алынған жылжымайтын мүлікті сатуды жоспарлап отыр.

12. Клиенттердің қаражаты

Клиенттердің қаражатына мыналар кіреді:

	2014	2013
Мерзімді депозиттер	1.154.193	1.811.404
Ағымдағы шоттар	800.715	1.591.740
Клиенттердің қаражаты	1.954.908	3.403.144
Қамтамасыз ету ретінде ұсталатындар:		
- кепілдіктер бойынша	10.000	778.598
- қарыздар бойынша	9.683	-
Кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын	19.683	778.598

2014 жылдың 31 желтоқсанына 685.799 мың теңге (85,65%) мөлшеріндегі клиенттердің қаражаты ірі он клиенттің қаражатын білдіреді (2013 жылы 1.494.314 мың теңге (43,91%)).

Мерзімді салымдардың құрамына 1.132.538 мың теңге (2013 жылы: 641.986 мың теңге) сомасындағы жеке тұлғалардың салымдары кіреді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Банк мұндай салымдарды салымшының талабы бойынша төлеуге міндетті. Мерзімді салым мерзім өткенге дейін салымшының талабы бойынша оған қайтарылған жағдайда, салым бойынша пайыздар, егер шартта пайыздардың өзге мөлшері көзделмесе, банк талап еткенге дейінгі салымдар бойынша төлейтін пайыздардың мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде төленеді.

*(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)***12. Клиенттердің қаражаты (жалғасы)**

Клиенттердің қаражатына клиенттердің келесі типтерінің ағымдағы шоттарындағы сомалар кіреді:

	2014	2013
Жеке кәсіпорындар	1.548.914	1.766.423
Жеке тұлғалар	405.994	1.636.721
Клиенттердің қаражаты	1.954.908	3.403.144

Экономика салалары бойынша клиенттер шоттарының талдауы былайша көрсетілген:

	2014	2013
Жеке тұлғалар	1.548.914	1.766.423
Құрылыс	146.370	306.397
Энергетика	145.441	14.130
Көлік және байланыс	41.123	7.178
Сауда	28.358	95.454
Отын	10.884	1.149.320
Өнеркәсіптік өндіріс	10.713	14.669
Қаржы лизингі	2.628	3.682
Ауыл шаруашылығы	1.154	23.637
Басқасы	19.323	22.254
Клиенттердің қаражаты	1.954.908	3.403.144

13. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар келесі позициялармен көрсетілген:

	2014	2013
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	159.001	167.017
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс/ (жеңілдік) – уақыт айырмаларының пайда болуы және сторнациялау	(16.611)	(119.068)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	142.390	47.949

Қазақстандық заңды тұлғалар табыс салығы бойынша декларацияларды өз беттерімен беруге міндетті. Табыс салығының стандартты мөлшерлемесі 2014 және 2013 жылдар үшін 20% болды. Табыс салығының тиімді мөлшерлемесі табыс салығының нормативтік мөлшерлемелерінен ерекшеленеді. Төменде табыс салығы бойынша нақты шығыстарға сәйкес ресми мөлшерлемелер бойынша есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды келтіру үшін есептеу берілген:

	2014	2013
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда	720.778	338.083
Нормативтік салық мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыстар	144.156	67.617
<i>Салық салынбайтын кірістер</i>		
Қаржылық жал бойынша салық салынбайтын пайыздық кіріс	(1.579)	(1.755)
<i>Есептен шығарылмайтын шығыстар</i>		
- Клиенттердің қаражаты	-	(19.743)
- кәсіпкерлік қызметке жатпайтын шығыстар	2.300	1.604
- салықтарға жататын айыппұлдар	744	-
- клиенттерге қарыздар (сыйлықақы)	-	482
- басқасы	(3.231)	(256)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	142.390	47.949

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

13. Салық салу (жалғасы)

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысына келесі позициялар жатады:

	Жиынтық кіріс туралы есептегі уақытша айырмалардың туындауы және қайтарылуы		Жиынтық кіріс туралы есептегі уақытша айырмалардың туындауы және қайтарылуы		2014
	2012		2013		
Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері:					
Кәсіби қызметтер бойынша есептелген шығыстар	1.976	–	1.976	98	2.074
Кепілдіктер бойынша комиссия	953	(953)	–	–	–
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептеу	906	295	1.201	369	1.570
Еңбекақыны төлеу қоры бойынша төлемдер	–	2.270	2.270	311	2.581
Өзге активтер	4	(4)	–	–	–
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша актив	3.839	1.608	5.447	778	6.225
Салық салынатын уақыт айырмаларының салық әсері					
Қарыздардың құнсыздану резерві	(69.836)	69.836	–	–	–
Мерзімді депозиттер	(24.372)	24.130	(242)	261	19
Берілген кепілдіктер бойынша резерв	(35.000)	35.000	–	–	–
Клиенттерге берілген қарыздар	(11.678)	(9.874)	(21.552)	14.261	(7.291)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(1.539)	(1.632)	(3.171)	1.311	(1.860)
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттеме	(142.425)	117.460	(24.965)	15.833	(9.132)
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша таза актив/(міндеттеме)	(138.586)	119.068	(19.518)	16.611	(2.907)

14. Шартты міндеттемелер бойынша резервтер

Төменде құнсыздану резервінің және басқа да резервтердің қозғалысы көрсетілген:

	Кепілдіктер мен шартты міндеттемелер		Жиыны
2013 жылдың 31 желтоқсанына			
Құру	–	–	–
	468.868	–	468.868
2014 жылдың 31 желтоқсанына	468.868	–	468.868

Активтердің құнсыздану резерві тиісті активтердің баланстық құнынан есептен шығарылады. Шағымдар, кепілдіктер мен шартты міндеттемелер бойынша резервтер міндеттемелердің құрамында көрсетіледі.

2014 жылы Банк кепілдікті алушының қаржылық жағдайының нашарлауына орай, 468.868 мың теңге жалпы сомаға қазақстандық компанияға берілген кепілдік бойынша ықтимал төлем резервін құрды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

15. Басқа да активтер мен міндеттемелер

Басқа активтерге мыналар кіреді:

	2014	2013
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	2.619	-
Тауарлар мен қызметтер үшін алдын ала төлем	2.290	23.384
Салықтар бойынша алдын ала төлем	20	5.724
Басқасы	1.505	5.219
Өзге активтер	6.434	34.327

Басқа міндеттемелерге мыналар кіреді:

	2014	2013
Берілген кепілдіктер бойынша комиссияны алдын ала төлеу	14.407	3.502
Қызметкерлерге берешек	12.907	11.350
Кәсіби қызметтер үшін несиелік берешек	10.371	9.878
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	7.848	6.007
«Қазақстанның салымдарды сақтандыру қоры» АҚ алдындағы берешек	1.693	5.380
Төлемге корпоративтік табыс салығы	-	17.012
Басқасы	671	2.701
Басқа да міндеттемелер	47.897	55.830

16. Капитал

Төменде шығарылған, толығымен төленген және айналыстағы акциялар туралы деректер келтіріледі:

	Жай акциялардың саны	Орналастыру құны, теңге	Жиыны
2012 жылдың 31 желтоқсанына	9.000.000	1.005	9.045.000
Жарғылық капиталды ұлғайту	1.000.000	1.005	1.005.000
2013 жылдың 31 желтоқсанына	10.000.000	1.005	10.050.000
Жарғылық капиталды ұлғайту	-	-	-
2014 жылдың 31 желтоқсанына	10.000.000	1.005	10.050.000

Банктің жарғылық капиталын акционерлер теңгемен салды әрі олардың дивидендтерге және капиталдағы теңгемен болатын кез келген бөлулерге құқығы бар. Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығын береді. 2014 жылы Банк дивидендтерді жариялаған жоқ және төлеген жоқ. 2013 жылғы 12 сәуірдегі акционерлердің жиналысында 721.530 мың теңге мөлшерінде дивидендтерді жариялау және бұл дивидендтерді Қазақстан Ұлттық Банкінің талаптарын орындау үшін жарғылық капиталға аудару шешімі қабылданды. Нәтижесінде, 691.679 мың теңге сомасындағы дивидендтер, 2013 жылы акционерлердің аттарынан төленген 29.851 мың теңге мөлшеріндегі дерек көзінен ұсталатын салықты шегере отырып, жай акцияларға аударылды. 2013 жылғы 12 сәуірде Банк акционерлерінің жиналысы жарғылық капиталды одан әрі 313.321 мың теңге сомасына ұлғайту шешімін бекітті. 2013 жылы келе жатқан акционерлер бұл соманы ақша қаражатымен төледі.

2013 жылдың ішінде қосымша төленген капитал Банктің байланысты тараптарының ұзақ мерзімді депозитті дисконттау бойынша сыйлықақыны бастапқыда мойындауының салдарынан 101.909 мың теңгеге азайды.

17. Шарттық және шартты міндеттемелер**Қызметті жүргізу шарттары**

Қазақстан Республикасы, нарықтық экономика талаптары қажет етіп отырғандай, экономикалық реформалар мен өзінің заңнамалық, салық және нормативтік базасын әзірлеуді жүзеге асыруда. Келешектегі қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбіне-көп осы реформалар мен әзірлемелерге және үкімет қабылдаған экономикалық, қаржылық және монетарлық шараларға байланысты.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

17. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

Қызметті жүргізу шарттары (жалғасы)

Қазақстан Республикасының экономикасына ғаламдық қаржылық дағдарыс ықпалын тигізді және қазақстандық экономика іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуіне және әлемдегі экономикалық даму үрдісінің төмендеуіне сезімтал келеді. Ғаламдық қаржы дағдарысы келешек экономикалық өсімге, капитал көздеріне қол жеткізу мүмкіндігіне, сондай-ақ капитал құнына қатысты белгісіздіктің туындауына әкеліп соқтырды, әрі бұл Банктің қаржылық жағдайына, операциялардың нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін. Басшылық мұндай жағдайдағы Банктің экономикалық тұрақтылығын қолдауға қажетті бүкіл шараны қолданып отырмыз деп санайды.

Сонымен бірге, компаниялар өтімділігі мен табыстылығының азаюы және компаниялар мен жеке тұлғалардың төлем жасауға қабілетсіз болған жағдайлары санының ұлғаюы кіретін факторлар Банктің қарыз алушыларының Банк алдындағы берешекті өтеу мүмкіндігіне ықпалын тигізді. Экономикалық шарттардың өзгеруі несиелер мен басқа да міндеттемелер бойынша қамтамасыз ету құнының төмендеуіне әкеліп соқтырды. Қазіргі сәтте қолжетімді ақпараттың негізінде Банк активтердің құнсыздануын талдау барысында ақша қаражатының күтілетін келешек ағындарының бағалауын қайта қарады.

Басшылық Банктің қолданыстағы жағдайларындағы қызметінің тұрақтылығын қолдау үшін тиісті шараларды қолға алып отырғандығына сенімді, жоғарыда аталған салалардағы көзделмеген кейінгі нашарлау қазіргі уақытта анықтауға мүмкін болмайтын тәсілмен Банктің қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Заңи мәселелер

Банк ағымдағы қызметінің барысында сот шағымдары мен талаптарының объектісі болып табылады. Басшылықтың пікірінше, мұндай шағымдардың немесе талаптардың нәтижесінде туындайтын ықтимал міндеттемелер (олар болғанда) Банктің келешектегі қаржылық жай-күйіне немесе қызмет нәтижелеріне айтарлықтай теріс ықпал етпейді.

Салық салу

Банк өз қызметін Қазақстанда жүзеге асырады. Қазіргі сәтте қолданылып жүрген қазақстандық салық, валюталық және кеден заңнамасы ережелерінің бірқатары анық әрі түсінікті етіп жазылмаған, бұл олардың түрлі талқылануына, іріктеліп және бірізді емес етіп қолданылуына, сондай-ақ ретроспективті түрде қолданылуы мүмкін жиі әрі болжап болмайтын өзгерістерге әкеліп соқтырады. Басшылықтың мәмілелерге және Банк қызметіне қатысты қолданылатын мұндай заңнаманы түсіндіруі тиісті органдармен даулануы мүмкін. Салдарынан, салық органдары бұрын шағым қоймаған Банктің мәмілелері мен операциялары бойынша шағымдар қоя алады. Нәтижесінде, тиісті органдар айтарлықтай қосымша салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдар есептеуі мүмкін. Салық органдары жүргізетін салық төлеушілердің салықтарды дұрыс есептеуі мен төлеуін тексерулер салық органдарының салықтық тексеруді жүргізу туралы шешімді қабылдау жылының алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда салықтық тексеруге бұдан да ерте кезеңдер ұшырауы мүмкін.

Басшылық 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңнаманың түсінуі талқылануы тиісінше және Банктің салықтық, валюталық және кеден заңнамасы бойынша ұстанымы болып табылады деп санайды.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық және шартты міндеттемелеріне мыналар кірді:

	2014	2013
Несие сипатындағы міндеттемелер		
Шығарылған кепілдіктер	3.002.108	1.257.477
Несиелерді беру міндеттемелері	1.896.679	749.848
	4.898.787	2.007.325
Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер		
1 жылдан артық емес	36.001	36.001
Шарттық және шартты міндеттемелер (қамтамасыз ету шегерілгенге дейін)	4.934.788	2.043.326
Берілген кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын ақша қаражатын шегере отырып (12-ескертпе)	(10.000)	(778.598)
Шарттық және шартты міндеттемелер	4.924.788	1.264.728

Несиелерді беру бойынша міндеттеме жөніндегі келісімде Банктің, қарыз алушылардың тарапынан келісімді бұзу жағдайларын, қаржылық көрсеткіштердің нашарлауын және басқаларды қоса алғанда, Банк үшін кез келген қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда Келісімнен біржақты тәртіппен шығу құқығы көзделген.

*(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)***18. Комиссиялық ақы мен алымдар күйіндегі таза кірістер**

Таза комиссиялық кірістерге келесі позициялар кіреді:

	2014	2013
Кепілдіктер	83.359	42.203
Валюталарды айырбастау операциялары	18.566	13.413
Кассалық операциялар бойынша комиссиялар	15.781	19.574
Аударым операциялары	8.803	9.243
Басқасы	3.741	6.813
Клиенттердің шоттарын жүргізу	1.037	1.203
Комиссиялық кірістер	131.287	92.449
Аударым операциялары	(2.342)	(2.322)
Кассалық операциялар бойынша комиссиялар	(517)	(1.459)
Бағалы қағаздармен операциялар	(96)	(473)
Комиссиялық шығыстар	(2.955)	(4.254)
Комиссиялық ақы мен алымдар күйіндегі таза кірістер	128.332	88.195

19. Келешек ақша ағындарындағы өзгерістер бойынша залалдарға түзетілген клиенттерге берілген қарыздар бойынша кірісті бастапқыда мойындау

Әдеттегі қызметтің барысында Банк өз жұмыскерлеріне нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша, ал басқа клиенттерге нарықтық мөлшерлемеден жоғары мөлшерлеме бойынша несиелер береді. Мұндай қарыздар бастапқыда құрал бойынша дисконтталған келешек ақша ағындарының ағымдағы құны ретінде айқындалған олардың әділ құны бойынша ескерілді. Пайдаланылған дисконт мөлшерлемесі ұқсас несиелік сипаттамалары мен тәуекелдері бар құралдар үшін нарықтық пайыздық мөлшерлеме болып табылады. Мұндай қарыздарды Акционерлер қаржыландырмаған кезде, Банк қарыздардың әділ құны мен олардың шартты сомасының арасындағы айырманы бастапқы мойындау кезінде кіріс немесе залал ретінде пайда мен зияндар туралы есепте мойындайды. 2014 жылы Банк нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша клиенттерге қарыздар бермеді (2013 жылы: 83.159 мың теңге).

20. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер

	2014	2013
Қайта есептеуден болған залалды шегере отырып кіріс	157.455	28.020
Сауда операцияларынан болған залалды шегере отырып кіріс	22.626	14.110
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер	180.081	42.130

21. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар

Қызметкерлер құрамының шығыстары мен басқа да операциялық шығыстарға мыналар кіреді:

	2014	2013
Жалақы және сыйлықақылар	(183.649)	(167.224)
Өлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	(17.819)	(15.384)
Еңбекақыны төлеу қорынан басқа да салықтар	(1.994)	(2.191)
Қызметкерлер құрамының шығыстары	(203.462)	(184.799)
Кәсіби қызметтер	(80.270)	(9.878)
Жалдау	(35.775)	(35.109)
Тозу және амортизация	(21.981)	(17.467)
Әкімшілік шығыстар	(16.839)	(19.468)
Күзет шығыстары	(10.631)	(8.195)
«Қазақстанның салымдарды сақтандыру қоры» АҚ жарна	(9.672)	(22.274)
Іссапар шығыстары	(9.233)	(6.793)
Байланыс шығыстары	(5.531)	(5.705)
Көлік шығыстары	(3.518)	(2.623)
Жарнама мен маркетинг шығыстары	(3.292)	(3.270)
Инкассациялау шығыстары	(1.172)	(1.318)
Өкілдік шығыстары	(884)	(7.540)
Табыс салығынан басқа салықтар	(595)	(730)
Басқасы	(36.682)	(10.566)
Басқа да операциялық шығыстар	(236.075)	(150.936)

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

22. Тәуекелдерді басқару

Кіріспе

Банк қызметіне тәуекелдер тән. Банк сәйкестендіру, бағалау және мониторингтің үздіксіз үрдісі барысында, сондай-ақ тәуекел шектерін және ішкі бақылаудың басқа шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару үрдісі Банктің тұрақты тиімділігін ұстап тұру үшін шешуші маңызға ие және Банктің әрбір жеке қызметкері міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауап береді. Банк өз кезегінде сауда операцияларына байланысты тәуекел және саудалық емес қызметке байланысты тәуекел деп бөлінетін несиелік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге бейім. Банк, сондай-ақ операциялық тәуекелдерге де ұшырағыш.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау үрдісі ортаны, технологияны өзгерту немесе саладағы өзгерістер сияқты қызмет жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Банк мұндай тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау үрдісі барысында бақылайды.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау мен оларды бақылауға жалпы жауап беретін Директорлар кеңесі, алайда, тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауапты жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы амал-тәсілдеріне, тәуекелдерді басқарудың стратегиялар мен ұстанымдарын бекітуге жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті Банктегі тәуекелдерді басқару үрдісін бақылау болып табылады.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеу және тәуекелдер қағидатын, тұжырымдамасын, саясаты мен лимиттерін ендіру үшін жалпы жауапкершілікті көтереді. Ол өтімділіктің фундаменталды тәуекелдері жөніндегі мәселелер үшін жауап береді және тәуекелдер бойынша тиісті шешімдерді басқарып, мониторинг жүргізеді.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі бақылаудың тәуелсіз үрдісін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруға байланысты процедураларды енгізу мен жүргізуге жауап береді.

Банк қазынашылығы

Банк қазынашылығы Банктің активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымын басқару үшін жауап береді. Сондай-ақ Банктің өтімділік тәуекелі мен қаржыландыру тәуекелі үшін негізгі жауапкершілікті қазынашылық көтереді.

Ішкі аудит

Банкте өтетін тәуекелдерді басқару үрдістеріне ішкі аудит бөлімі жыл сайын аудит жүргізеді, ол процедуралардың жеткіліктілігін, сонымен қатар Банктің бұл процедураларды орындауын тексереді. Ішкі аудит бөлімшесі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын Банктің Директорлар кеңесіне тікелей береді.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері

Банк тәуекелдері күнделікті қызмет барысында орын алуы мүмкін күтілетін шығынды да, санақ модельдері негізінде неғұрлым үлкен нақты шығындардың бағасы болып табылатын болжанбаған шығындарды да бейнелейтін әдіс көмегімен бағаланады. Модельдерде бұрынғы тәжірибеден алынған және экономикалық жағдайлар ескеріле отырып түзетілген ықтималдылықтардың мәндері қолданылады. Банк, сондай-ақ ықтималдылығы төмен деп саналатын оқиғалар туындаған жағдайда орын алатын «ең жаман сценарийлердің» де моделін жасайды.

Тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бақылау, негізінен Банк белгілеген шектерге негізделеді. Мұндай шектер қызмет жүргізу стратегиясы мен Банк қызмет ететін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ банк қабылдауға дайын тәуекел деңгейін білдіреді. Мұнымен қоса, Банк тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық бағыттарға қатысты тәуекелдерді көтерудегі өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

22. Тәуекелді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері (жалғасы)

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді сараптау, бақылау және ерте бастан анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға, Активтер мен пассивтерді басқару комитетіне және әрбір бөлімшенің басшыларына түсініктемелермен бірге ұсынылады. Есепте несиелік тәуекелдің жиынтық мөлшері, болжамды несиелік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел шектерінің шектеулері, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер туралы ақпарат бар. Ай сайын салалар, клиенттер мен географиялық аймақтар бөлігінде тәуекелдер туралы ақпаратты ұсынады. Тоқсан сайын жоғары басқарушы қызметкерлер несиелік шығындарға резервтерді құру қажеттілігін айқындайды. Тоқсан сайын Директорлар кеңесі тәуекелдер туралы толық есепті алады, әрі онда Банктің тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдерді қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат бар.

Банктің барлық деңгейлеріне Банктің барлық бөлімшелерін жан-жақты, қажетті және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін таратылатын тәуекелдер туралы түрлі есептер жасалады.

Белгіленген шектерді ұстап тұру, өтімділік, сондай-ақ тәуекел деңгейіндегі өзгерістер талқыланатын Басқарманың және Банктің өзге де қызметкерлерінің шағын жиналыстары күн сайын өткізіледі.

Тәуекелді азайту

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Банк пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбас бағамдарындағы, несиелік тәуекеліндегі өзгерістердің салдарынан туындайтын тәуекелдерге, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

Банк өзінің несиелік тәуекелін азайту үшін қамтамасыз етуді белсенді түрде қолданады (қосымша ақпарат төменде ашып көрсетілген).

Тәуекелдің аса шоғырлануы

Тәуекелдердің шоғырлануы бірқатар қарсы агенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда немесе олардың қызметі бір географиялық аймақта жүргізілгенде немесе қарсы агенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болғанда туындайды және экономикалық, саяси және басқа да шарттардың өзгеруі нәтижесінде осы қарсы агенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне сол тәрізді ықпал етеді. Тәуекелдің шоғырлануы Банк қызметі нәтижелерінің белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін шарттардағы өзгерістерге салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің аса шоғырлануын болдырмас үшін Банктің саясаты мен процедураларына әртарапандырылған қоржынды қолдауға бағытталған арнайы қағидаттар кіреді. Несиелік тәуекелдің белгіленген шоғырлануымен басқарылады және бақыланады.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Банктің клиенттерінің немесе қарсы агенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Банк несиелік тәуекелді жекелеген қарсы агенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша Банк қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген шектерінің сақталуына мониторинг жүргізу көмегімен басқарады.

Банк қамтамасыз ету мөлшерін кезеңділікпен қайта қарауды қоса отырып, қарсы агенттердің несиелік қабілетіндегі мүмкін өзгерістерді ертерек анықтауды қамтамасыз ету үшін несиелік сапаны тексеру процедурасын әзірледі. Қарсы агенттер бойынша шектер әрбір қарсы агентке несиелік рейтинг беретін несиелік тәуекелді жіктеу жүйесін пайдалана отырып анықталды. Рейтингтер тұрақты түрде қайта қарастырылып отырады. Несиелік сапаны тексеру процедурасы Банкке өзі бейім тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындардың мөлшерін бағалау және қажетті шаралар қабылдау мүмкіндігін береді.

Банк өз клиенттеріне кепілдіктерді алу мүмкіндігін береді, әрі солар бойынша Банктің клиенттердің алдында төлемдерді жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Клиенттер кепілдіктерді ұсыну шарттарына сәйкес Банктің мұндай төлемдерін өтейді. Банк көрсетілген шарттар бойынша несиелер бойынша тәуекелдерге ұқсас болатын және тәуекелдерді бақылау процедуралары мен саясаттарының көмегімен азаятын тәуекелдерді көтереді.

Несие сипатындағы міндеттемелер

Өзара есепке алу және қамтамасыз ету туралы бас келісімдерді пайдалану арқылы минимизацияның ықпалына дейінгі қаржылық жағдай туралы есептің құрамдастары бойынша несиелік тәуекелдің ең көп мөлшері олардың баланстық құнымен барынша дәл етіп көрсетілген.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

22. Тәуекелді басқару (жалғасы)**Несиелік тәуекел (жалғасы)***Қаржы активтерінің кластары бойынша несиелік сапа*

Төмендегі кестеде Банктің несиелік рейтингтер жүйесінің негізінде несиелерге байланысты баланс баптары бойынша активтердің кластары бөлігіндегі несие сапасының сараптамасы берілді.

2014					
<i>Ескер.</i>	<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздан- баған</i>	<i>Мерзімі өткен, бірақ құнсыздан- баған</i>	<i>Жеке негіздегі құнсыздан- ған</i>	<i>Жиыны</i>	
Ақша қаражаты және баламалары (қолма-қол ақшаны қоспағанда)	5	2.495.559	-	-	2.495.559
Кері РЕПО шарттары	6	-	-	-	-
Клиенттерге берілген қарыздар	7	8.248.556	-	4.028.105	12.276.661
Коммерциялық несиелендіру		7.716.417	-	3.999.512	11.715.929
Дербес кәсіпкерлер		369.760	-	-	369.760
Тұтынушылық несиелендіру		67.533	-	-	67.533
Шағын бизнес кәсіпорындарын несиелендіру		49.111	-	28.593	77.704
Ипотекалық қарыздар		45.735	-	-	45.735
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	8	11.980	35.827	-	47.807
Жиыны		10.756.095	35.827	4.028.105	14.820.027

2013					
<i>Ескер.</i>	<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздан- баған</i>	<i>Мерзімі өткен, бірақ құнсыздан- баған</i>	<i>Жеке негіздегі құнсыздан- ған</i>	<i>Жиыны</i>	
Ақша қаражаты және баламалары (қолма-қол ақшаны қоспағанда)	5	4.100.351	-	-	4.100.351
Кері РЕПО шарттары	6	504.498	-	-	504.498
Клиенттерге берілген қарыздар	7	6.079.597	273.197	4.316.097	10.668.891
Коммерциялық несиелендіру		5.462.618	273.197	4.265.549	10.001.364
Дербес кәсіпкерлер		526.007	-	33.582	559.589
Ипотекалық қарыздар		40.874	-	-	40.874
Тұтынушылық несиелендіру		37.500	-	-	37.500
Шағын бизнес кәсіпорындарын несиелендіру		12.598	-	16.966	29.564
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	8	63.766	-	-	63.766
Жиыны		10.748.212	273.197	4.316.097	15.337.506

Клиенттердің мерзімі өткен қарыздарына бірнеше күнге ғана мерзімі өткен қарыздар ғана жатады. Төлем кешеуілдетілген сәттен бастап мерзімі өткен несиелердің сараптамасы төменде көрсетілген. Мерзімі өткен қарыздардың көпшілігі құнсызданған деп қарастырылмайды.

Өз саясатына сәйкес, Банк несие портфелінің аясында дәл әрі ретті рейтингтер беруді жүзеге асыруы тиіс. Бұл қолданыстағы тәуекелдерді шоғырландыра басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ несиелік тәуекел мөлшерін алуан қызмет түрлері, географиялық өңірлер мен өнімдер бойынша салыстыруға мүмкіндік береді. Рейтинг беру жүйесі бірқатар қаржылық-сараптау әдістеріне, сондай-ақ қарсы агенттер тәуекелін бағалауға арналған негізгі алғашқы ақпарат көзі болып табылатын өңделген нарықтық деректерге сүйенеді. Тәуекелдің бүкіл ішкі санаттары Банктің рейтинг беру саясатына сәйкес анықталған. Берілетін рейтингтер үнемі бағаланып және қайта қарастырылып отырады. Банк өзінің ағымдағы әдістемесіне сәйкес несиелері мерзімі өтпеген және құнсызданбаған болып табылатын барлық қарыз алушыларын Стандартты деп қарастырады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

22. Тәуекелді басқару (жалғасы)**Несиелік тәуекел (жалғасы)***Құнсыздануды бағалау*

Несиелердің құнсыздануын тексеру кезінде ескерілетін негізгі факторлар мыналар болып табылады: пайыздар төлемдері мен негізгі қарыз сомасын өтеу төлемдері мерзімінің 90 күннен артық өтуі; контрагенттердің қаржылық қиыншылықтарының, несиелік рейтингінің төмендеуінің немесе шарттың бастапқы талаптарының бұзылуының белгілі болуы. Банк жеке негізде әрбір қарыз бойынша құрылуы қажет болатын резервтерді айқындайды. Резервтердің мөлшерін айқындау кезінде назарға келесі жағдайлар алынады: қарсы агенттің бизнес-жоспарының тұрақтылығы; оның қаржылық қиындықтар туындаған кезде қызмет нәтижелерін жақсарту қабілеті; алынуға болжанған сомалар және банкрот болған жағдайда дивидендтердің төленуге күтілетін сомалары; қаржылық көмекті тарту мүмкіндігі; қамсыздандыруды іске асыру құны; сондай-ақ күтілетін ақша ағындарының мерзімдері. Құнсыздану залалдары, көзделмеген жағдайлар барынша мұқият назарды талап ететін жағдайларды қоспағанда, әрбір есепті күнге бағаланады.

Қаржы кепілдіктері құнсыздану мәніне тексеріледі және олар бойынша қарыз жағдайындағыдай, резерв құрылады.

Төменде Банктің географиялық белгісі бойынша монетарлық активтер мен міндеттемелердің шоғырлануы көрсетілген:

	2014				2013			
	Қазақстан	ЭЫДҰ	ТМД және басқа елдердің банктері	Жиыны	Қазақстан	ЭЫДҰ	ТМД және басқа елдердің банктері	Жиыны
Активтер								
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2.570.278	-	22.948	2.593.226	4.323.711	3	17.381	4.341.095
Кері РЕПО шарттары	-	-	-	-	504.498	-	-	504.498
Клиенттерге берілген қарыздар	11.232.037	-	-	11.232.037	9.540.652	-	-	9.540.652
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	47.807	-	-	47.807	63.766	-	-	63.766
Өзге активтер	5.765	669	-	6.434	21.091	-	13.236	34.327
	13.855.887	669	22.948	13.879.504	14.453.718	3	30.617	14.484.338
Міндеттемелер								
Клиенттердің қаражаты	1.954.606	-	302	1.954.908	3.402.721	-	423	3.403.144
Басқа да міндеттемелер	47.857	37	3	47.897	55.790	35	5	55.830
	2.002.463	37	305	2.002.805	3.458.511	35	428	3.458.974
Таза активтер	11.853.424	632	22.643	11.876.699	10.995.207	(32)	30.189	11.025.364

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі – Банктің төлемдер бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі немесе төтенше жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында, басшылық қолданыстағы ең аз банк салымдарының сомасына қосымша ретінде түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағымдары мен өтімділікке күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл үрдіске күтілетін ақша ағымдарын бағалау және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуы кіреді.

Банк ҚРҰБ-де ақша депозитін (міндетті резерв) орналастырды, әрі оның көлемі клиенттердің қаражатын тарту деңгейіне байланысты болады.

Қазынашылық Банктің ағымдағы төлем позициясын басқаратын негізгі орган болып табылады. Банктің баланс өтімділігінің және оның өзгеріп отыру серпінділігінің тұрақты мониторингі Қазынашылыққа жүктеледі. Қазынашылық ай сайын өтімділікті талдап отырады, әрі оның нәтижелері АПБК барлық мүшелерінің назарына жеткізіледі.

Баланс өтімділігін талдау кезінде Банк ішкі қабылданған әдістемелерді пайдаланады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

22. Тәуекелді басқару (жалғасы)**Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару (жалғасы)**

Апта сайын АПБК күтілетін ақша ағындарының бөлігінде өтімділік талдауын – өтімділіктің айырылу талдауын қарастырып отырады. Өтімділік көрсеткіштері нашарлаған жағдайда себептердің талдауы жасалып, АПБК қарауына оларды жою жөніндегі ұсынымдар беріледі. Тәуекелдерді басқару қызметі лезде өтімділік коэффициенті, ағымдағы өтімділік коэффициенті, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті, жалпы өтімділік коэффициенті және болжанатын өтімділік коэффициенті сияқты Өтімділікті басқару саясатымен белгіленген коэффициенттер мен параметрлердің орындалуын үнемі тексеріп отырады.

Банктің басқарушы органдары, ең алдымен Директорлар кеңесі мен Банктің Басқармасы АПБК-дан Банк өтімділігінің жай-күйі туралы ақпаратты айына кем дегенде бір рет, ал Банк өтімділігінің ағымдағы немесе болжамды жай күйі айтарлықтай нашарлаған жағдайда дереу алып отыруы тиіс.

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы

Төмендегі кестелерде 31 желтоқсандағы жағдаймен өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Банктің қаржылық міндеттемелері берілді. Алғашқы талап бойынша өтелуі тиіс міндеттемелер өтем туралы талап ең ерте мүмкін мерзімде мәлімделсе деп қарастырылады. Алайда, Банк көптеген клиенттер Банк тиісті төлем жүргізуге міндетті болатын ең ерте мерзімде өтеуді талап етпейді деп күтеді және осыған орай кестеде өткен кезеңдердегі салымдарды талап ету туралы ақпарат негізінде Банк есептеген күтілетін ақша ағымдары бейнеленбеген.

Қаржылық міндеттемелер	2014				
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
Клиенттердің қаражаты	830.580	1.829	1.132.538	–	1.964.947
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2.006	–	–	–	2.006
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	832.586	1.829	1.132.538	–	1.966.953

Қаржылық міндеттемелер	2013				
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
Клиенттердің қаражаты	2.779.110	–	641.029	–	3.420.139
Басқа да қаржылық міндеттемелер	42.743	9.509	–	–	52.252
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	2.821.853	9.509	641.029	–	3.472.391

Кестеде Банктің шартты әрі шарттық міндеттемелердің шарттық қолданылу мерзімдері көрсетілген. Қарыздарды беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент орындалуын талап етуі мүмкін ең ерте күні бар уақыт кезеңіне қосылады. Қаржылық кепілдік шарттары болған жағдайда кепілдіктің ең үлкен сомасы осы кепілдік талап етілуі мүмкін ең ерте кезеңге жатады.

	2014 (17-ескертіп)				
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
Шығарылған кепілдіктер	77.400	156.337	1.460.984	1.307.387	3.002.108
Несиелерді беру міндеттемелері	1.896.679	–	–	–	1.896.679
2014 (17-ескертіп)	1.974.079	156.337	1.460.984	1.307.387	4.898.787
Шығарылған кепілдіктер	3.584	8.026	545.867	700.000	1.257.477
Несиелерді беру міндеттемелері	749.848	–	–	–	749.848
2013 (17-ескертіп)	753.432	8.026	545.867	700.000	2.007.325

Банк қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін шартты немесе шарттық міндеттемелердің барлығын емес орындау талап етіледі деп күтуде.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

22. Тәуекелді басқару (жалғасы)

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағымдарының әділ құны пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары және үлескерлік құралдар бағасы сияқты нарықтық өлшемдердің өзгеруі салдарынан ауытқитын тәуекелдер. Банктің саудалық емес портфелі бойынша нарықтық тәуекелі бар. Саудалық емес позициялар бойынша тәуекел сезімталдық сараптамасын пайдалана отырып басқарылады және бақыланады. Валюталық позицияларды қоспағанда, Банктің нарықтық тәуекелінің едәуір шоғырлануы жоқ.

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемедегі өзгерістердің болашақ ақша ағымдарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан туындайды. Банктің пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне ұшырағыштығы айтарлықтай емес, өйткені Банк қаражатты тіркелген мөлшерлемелер бойынша тартып, орналастырады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – қаржы құралының құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Басқарма ҚРҰБ ұйғарымдарына сүйене отырып, шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттерді белгіледі.

Келесі кестеде Банктің 31 желтоқсанға саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша, сондай-ақ болжамды ақша ағындары бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Жасалған талдау теңгеге қатысты валюта бағамдарының ықтимал өзгеруінің жиынтық кіріс туралы есепке ықпал етуін есептеуден тұрады (әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал болатын саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан), барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Капиталға әсер жиынтық кіріс туралы есеп әсерінен ерекшеленбейді. Кестедегі теріс сомалар жиынтық кіріс туралы есепте немесе капиталда ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

Валюта	2014		2013	
	Валюта бағамындағы ұлғаю, %-бен	Салық салынғанға дейін табысқа әсері	Валюта бағамындағы ұлғаю, %-бен	Салық салынғанға дейін табысқа әсері
АҚШ доллары	+30,0%	206.290	+30,0%	365.643
Еуро	+30,0%	382	+30,0%	1.832
Ресей рублі	+20,0%	527	+20,0%	2.560

Валюта	2014		2013	
	Валюта бағамындағы азаю, %-бен	Салық салынғанға дейін табысқа әсері	Валюта бағамындағы азаю, %-бен	Салық салынғанға дейін табысқа әсері
АҚШ доллары	-30,0%	(206.290)	-30,0%	(365.643)
Еуро	-30,0%	(382)	-30,0%	(1.832)
Ресей рублі	-20,0%	(527)	-20,0%	(2.560)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – жүйенің істен шығуы, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі қызметін тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдарының болуы немесе қаржылық шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Банк барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы Банк мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, кіру құқығын тиімді бөлуді, бекіту және салыстыру процедураларын, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда бағалау процедураларын қарастырады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

23. Әділ құнды анықтау**Әділ құн көздерінің иерархиясы**

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсаты үшін Банк актив немесе міндеттеме бойынша тәуекелдердің табиғаты мен сипаттамаларының негізінде активтер мен міндеттемелердің кластарын, сондай-ақ әділ құн көздерінің иерархиясын айқындады.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құнының иерархиясы

	Бағалау күні	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау			Жиыны
		Белсенді нарықтарда баға белгілеулер (1-деңгей)	Айтарлықт ай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Айтарлықт ай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер					
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2014 жылғы 31 желтоқсан	-	2.593.226	-	2.593.226
Клиенттерге берілген қарыздар	2014 жылғы 31 желтоқсан	-	-	11.388.769	11.388.769
Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер					
Клиенттердің қаражаты	2014 жылғы 31 желтоқсан	-	-	1.954.908	1.954.908
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2014 жылғы 31 желтоқсан	-	-	2.006	2.006

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құнының иерархиясы

	Бағалау күні	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау			Жиыны
		Белсенді нарықтарда баға белгілеулер (1-деңгей)	Айтарлықт ай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Айтарлықт ай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер					
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2013 жылғы 31 желтоқсан	-	4.341.095	-	4.341.095
Кері РЕПО шарттары	2013 жылғы 31 желтоқсан	-	538.704	-	538.704
Клиенттерге берілген қарыздар	2013 жылғы 31 желтоқсан	-	-	9.662.176	9.662.176
Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер					
Клиенттердің қаражаты	2013 жылғы 31 желтоқсан	-	-	3.403.144	3.403.144
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2013 жылғы 31 желтоқсан	-	-	17.883	17.883

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

23. Әділ құнды анықтау (жалғасы)**Әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны**

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмейтін Банктің қаржы құралдарының кластары бөлігінде баланстық және әділ құнының салыстырмасы берілді. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәні келтірілмеген:

	2014			2013		
	Баланстық құн	Әділ құны	Мойындалмаған кіріс/ (залал)	Баланстық құн	Әділ құны	Мойындалмаған кіріс/ (залал)
Қаржы активтері						
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2.593.226	2.593.226	–	4.341.095	4.341.095	–
Кері РЕПО шарттары	–	–	–	504.498	538.704	34.206
Клиенттерге берілген қарыздар	11.232.037	11.388.769	156.732	9.540.652	9.662.176	121.524
Қаржылық міндеттемелер						
Клиенттердің қаражаты	1.954.908	1.954.908	–	3.403.144	3.403.144	–
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2.006	2.006	–	17.883	17.883	–
Әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны			156.732			155.730

Бағалау және жорамалдау әдістемелері

Төменде әділ құны бойынша осы қаржылық есептілікте бейнеленбеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мем мүмкіндіктер сипатталды.

Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер

Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнге баға белгілеудің негізінде айқындалады. Бағасы белгіленбейтін құралдардың, клиенттерге берілген несиелердің, клиенттер депозиттерінің, несиелік ұйымдардағы қаражаттың және несиелік ұйымдар қаражатының, басқа да қаржы активтері мен міндеттемелердің, қаржылық жал бойынша міндеттемелердің әділ құны ұқсас шарттары, несиелік тәуекелі және өтеу мерзімі бар берешек бойынша қазіргі сәтте бар мөлшерлемелерді пайдалана отырып ақша қаражатының дисконтталған келешек ағындары арқылы бағаланады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау

Төмендегі кестеде күтілетін өтеу мерзіміне қатысты активтер мен міндеттемелер берілді. Банктің дисконтталмаған шарттық міндеттемелері туралы ақпарат «Тәуекелдерді басқару» 22-ескертпесінде ашылған.

	2014			2013		
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2.593.226	–	2.593.226	4.341.095	–	4.341.095
Кері РЕПО шарттары	–	–	–	504.498	–	504.498
Клиенттерге берілген қарыздар	3.401.094	7.830.943	11.232.037	3.009.102	6.531.550	9.540.652
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	47.807	47.807	–	63.766	63.766
Негізгі құралдар	–	35.465	35.465	–	45.977	45.977
Материалдық емес активтер	–	28.114	28.114	–	28.856	28.856
Қорлар	190.565	–	190.565	–	–	–
Өзге активтер	6.434	–	6.434	34.327	–	34.327
Жиыны	6.191.319	7.942.329	14.133.648	7.889.022	6.670.149	14.559.171
Клиенттердің қаражаты	822.277	1.132.631	1.954.908	1.983.517	1.419.627	3.403.144
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	2.907	2.907	–	19.518	19.518
Шартты міндеттемелер бойынша резервтер (провизиялар)	468.868	–	468.868	–	–	–
Басқа да міндеттемелер	47.897	–	47.897	55.830	–	55.830
Жиыны	1.339.042	1.135.538	2.474.580	2.039.347	1.439.145	3.478.492
Таза сома	4.852.277	6.806.791	11.659.068	5.849.675	5.231.004	11.080.679

25. Байланысты тараптармен операциялар

24 ХБЕС «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуға» сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысқан деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

25. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін. Байланысты тараптармен операциялар бойынша сальдо төменде көрсетілген:

	2014				2013			
	Акцио- нерлер	Жалпы бақылау астын- дағы ұйымдар	Шешуші басқар- ушы қызмет- керлер	Өзге байла- нысты тарап- тар	Акцио- нерлер	Жалпы бақылау астын- дағы ұйымдар	Шешуші басқар- ушы қызмет- керлер	Өзге байла- нысты тарап- тар
1 қаңтарға қарыздар, жалпы сомасы	-	-	33.207	33.166	-	285.280	11.194	21.460
Жыл ішінде берілген қарыздар	-	330.000	21.500	4.000	-	170.000	29.480	19.000
Жыл ішінде қарыздарды өтеу	-	(330.000)	(9.053)	(3.812)	-	(415.280)	(7.467)	(7.294)
Басқа да өзгерістер	-	-	-	-	-	(40.000)	-	-
31 желтоқсанға өтелмеген қарыздар, жалпы сомасы	-	-	45.654	33.354	-	-	33.207	33.166
31 желтоқсанға өтелмеген қарыздар, таза сомасы	-	-	45.654	33.354	-	-	33.207	33.166
1 қаңтардағы депозиттер	-	-	480	641.506	3.755.775	-	1.200	-
Жыл ішінде алынған депозиттер	-	-	1.194	1.045.389	-	-	-	-
Жыл ішінде алынған депозиттер	-	-	-	(560.860)	(3.114.269)	-	(1.200)	-
31 желтоқсандағы депозиттер	-	-	1.674	1.126.035	641.506	-	-	-
31 желтоқсанға ағымдағы шоттар	358.803	2.951	1.960	35.549	325.244	761.952	1.882	657.233

Төмендегі кестеде байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстар көрсетілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін							
	2014				2013			
	Акцио- нерлер	Жалпы бақылау астын- дағы ұйымдар	Шешуші басқар- ушы қызмет- керлер	Өзге байла- нысты тарап- тар	Акцио- нерлер	Жалпы бақылау астын- дағы ұйымдар	Шешуші басқар- ушы қызмет- керлер	Өзге байла- нысты тарап- тар
Қарыздар бойынша пайыздық кірістер	-	7.700	3.079	5.051	-	23.007	2.003	4.029
Комиссиялық кірістер	1.363	14.108	63	2.984	1.065	6.568	23	8.180
Клиенттердің қаражаты бойынша пайыздық шығыстар	2.839	1.200	57.083	19.317	7.128	-	94	60.721
Басқа да операциялық шығыстар	-	-	145	29.662	-	1.216	-	1.460

Шешуші басқарушы қызметкерлердің 5 мүшесіне төленген сыйақыға мыналар кіреді:

	2014	2013
Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер	49.025	47.667
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	4.887	4.765
Шешуші басқарушы қызметкерлерге сыйақының жиыны	53.912	52.432

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

26. Капитал жеткіліктігі

Капитал жеткіліктігі

Банк қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Банк капиталының жеткіліктілігі өзге әдістермен қатар Банк қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде құзырлы орган белгілеген коэффициенттерді қолдана отырып бақыланады.

2014 және 2013 жылдар ішінде Банк капиталға қатысты Заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық сақтады.

Банк үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Банктің капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауынан және қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды максималдандыруға қажет капитал жеткіліктілігінің баламалы коэффициентін ұстап тұруды қамтамасыз етуден тұрады.

Банк өз капиталының құрылымын басқарады және экономикалық жағдайлар мен жүзеге асыратын қызмет түрлері тәуекелдерінің сипаттамаларындағы өзгерістерге орай оны түзетіп отырады. Капиталдың құрылымын қолдау немесе өзгерту мақсатында Банк акционерлерге төленетін дивидендтер сомасын түзете алады, акционерлерге капиталды қайтарып, үлестік бағалы қағаздарды шығара алады. Өткен жылдармен салыстырғанда капиталды басқару мақсаттарында, саясаты мен процедураларында өзгерістер болған жоқ.

ҚРҰБ капиталдың жеткіліктілік коэффициенті

ҚРҰБ екінші деңгейдегі банктерден барлық активтер сомасының кем дегенде 5% мөлшерінде бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициентін (к1-1 және к1-2) және тәуекелді, шартты әрі ықтимал міндеттемелер мен операциялық тәуекелдерді ескере отырып алынған активтердің кем дегенде 10% мөлшерінде екінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициентін (к-2) қолдап тұруын талап етеді.

Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттерін есептеу

- Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті к1-1 ҚРҰБ ережелеріне сәйкес 1-деңгейдегі капиталдың жалпы активтерге қатынасы ретінде есептелген;
- Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті к1-2 тәуекелді, шартты міндеттемелерді, әлеуетті шағымдар мен міндеттемелерді және операциялық тәуекелдерді ескере отырып алынған, 1-деңгейдегі капиталдың активтер сомасына қатынасы ретінде есептелген;
- Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті к-2 тәуекелді, шартты міндеттемелерді, әлеуетті шағымдар мен міндеттемелерді және операциялық тәуекелдерді ескере отырып алынған, жалпы нормативтік капиталдың активтер сомасына қатынасы ретінде есептелген.

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенті нормативтік минимумнан асып түсті.

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына ҚРҰБ ережелеріне сәйкес есептелген Банк капиталының жеткіліктілік коэффициентінің нормативі былайша болды:

	<u>2014</u>	<u>2013</u>
1 деңгейдегі капитал	11.080.680	10.790.545
2 деңгейдегі капитал	578.388	290.134
Капиталдың жиыны	11.659.068	11.080.679
Тәуекел дәрежесі бойынша алынған активтер; шартты және ықтимал міндеттемелер	14.938.296	11.066.391
Операциялық тәуекел	494.370	293.494
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1-1)	78%	74%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1-2)	70%	89%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к2)	74%	91%